



Құрметті қарағандылықтар!

Сіздерді біздің басты ұлттық мерекеміз – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн халқымыздың ұлдығын, оның ерік-жігерін, бостандыққа және жарқын болашаққа деген ұмтылысын бейнелейді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан дамуың даңғыл жолына түсті. Алтай мен Каспийдің арасындағы ұлан-ғайыр бұл дала ежелгі сақтар мен ғұндардың, көк түріктердің құтты мекені, қарашаңырағы болды. Осынау тереңнен тамыр тартақан тарихы қатпар-қатпар халқымыз бүгінде тәуелсіз ел ретінде бірікп пен келісімді, бейбітшілікті нығайта отырып, бабалар жолын жалғастырып келеді.

Тәуелсіздік – біздің басты байлығымыз, тірегіміз және ұлттық құндылығымыз. Ол бізге өзіміздің даму жолымызбен жүруге, еліміздің және туған өңіріміздің болашағын жарқын етуге мүмкіндік берді.

Қадірлі жерлестер!

Сіздерді осынау мәні терең мерекемен құттықтай отырып, әрқайсыңызға зор денсаулық, амандық, өркендеу және ертеңгі күнге сенімділік тілейміз. Сіздердің отбасыларыңызда әрқашан бақ-береке, өзара түсіністік болсын. Тәуелсіз Қазақ елі өсіп-өркендей берсін! Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

• КИЕ

Қасиет пен Рух өлшемі

Қазақтың болашағына күмәнмен қарағандардың көмейіне ақиқат бүгін қорғасын құйды. Шыр етіп, жерге түскеннен кенестің жөргегіне құндақталып, оның күртесін киіп, соларша сөйлеп, оларша ойлайтындарды Еркіндік есегіретіп тастағаны өтірік емес. Өткенді көксеріп, кеткенді жырлап, кенестен көрген «жақсылықты» жатса-тұрса айту – сол бір кезде құлақтың құрышын қандырған қағажу еді. Сол кезеңде еркіндіктің ерен қасиетін түйсіну үшін түпсанаға төңкеріс қажет-тін. Оған сүйегіне дейін кенес идеологиясы сіңіп кеткен қоғамның бәрі дайын емес-тін.

Ал, тағдырдың өзі тар кезеңде тарту еткен тәбәрік – Тәуелсіздік қазақтан пәни құстай қайта түлеуді сұрады. Талабына төзбесек, тарихи тұстарда тауымыз шағылып, бордай борымасақ та, тарыдай тарап кетер ме едік, қайтер едік?! Десек те, біздің бұ жұрт «тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен аман-сау қалған» жұрт емес пе?! Түледік!

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

...Азаттық таңы атқан сол сын-сағат нені сұрады? Абай хакім айтқан «Бес асыл істі»: талап, еңбек, терен ой, қанағат, рақымды сұрады. Оған әрі тіректі және сұрады. Ол – Рух, Жігер, Қайрат, Ерік, Сенім. Бес асылға ден қойып, бес тіреуді сүйеу қып, жұртымыз өзге өркениетті елдің даму көшіне керуен тартты.

...Содан «Елімізден құт-береке қашпасын деп, жерінің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елдің» (Қазыбек би) арда ұрпағының бұл күні ойы да, бойы да – азат. «Қызыл қанын ағызып, қара терін тамызып, түркі еліне жау келтірмеген, құлаған мемлекетті қайта мемлекет еткен, жоқ болған халықты қайта халық еткен» түркі қаған-билеушілерінің, ноқтаға басы сыймаған ата-бабаның кірпігі мәңгіге айқасып, тәні қара жермен табысқанша көксегені, көздегені, «Аһ!» ұрған арман-мұраты осы емес пе еді?!

...Талапты тү қылғанда Рухы мықты елдің еңсермес кедергісі жоқ екен. Екі шылбыр, бір тізгін қолға тигенде Ең-



Коллаж жасаған Арайлым Коктева

бектің Жігерсіз жолы болмайтын көрінеді. Тыннан түрен саларда Терең ой Қайратқа жүгінеді екен. Қысылтағш шақта Қанағат Ерікпен достасты. Рақым Сенімге селбесіпті.

...Бүгінгінің биігінен қарағанда Тәуелсіздіктің киесін түсіну үшін асқан данышпандық керек емес екен. Оған бар болғаны ұлтыңызды, жұртыңызды жан жүрегіңізбен сүю ғана қажет көрінеді. Негізі, біз сүю білеміз бе?!

...Тарихшылардың айтуынша, жаңылмасақ, тарихта ұлтымыз аю тотемді көршіміз бар, айдаһар тотемді қоңсымыз бар, қысық көзді өзге жойылып кеткен дұшпандар бар, баршасына қарсы ұлт-азаттықтың 400-ге жуық көтерілісін жасапты. Ен далада емін-еркін көшіп-қонып жүрген қазаққа

қысастық қылғанда бұла бойда бұлқынған Рух осылай сан мәрте шынжырды бұзбақ болыпты. Соңғы шынжырдың шыр-тыртыр үзілгені XX ғасырдың 86-сында. Рух емей немене?!

...Уақыт-төре – үнсіз сыныш. Ол үндемейді. Десе де, ештеңені ешқашан ұмытпайды. Асықпайды, аптықпайды да. Бірақ, бәрін таразыға тартады.

...Бүгінгінің уақыт-таразысы бізге барымызды бағалауға үндейді. Ол барымыз, асқан байлығымыз, киеміз – Тәуелсіздік. Елдің амандығы, жердің бүтіндігі, бесіктегі баланың беймезгіл шошпын жыламауы.

...Жасаған бұл киеден айырмасын!

• ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

Сынақ. Сарап. Серпіліс

1991 жылы Тәуелсіздік туы тігілген сәттен бері Қазақстан экономикасы талай «тар жол, тайғақ кешуден» өтті: отпелі кезеңдегі күйзелістен – мұнай дәуірінің шарықтауына, бір ғана шикізатқа тәуелділіктен – әртараптандыруға ұмтылған жаңа стратегияларға дейін. Ал, 2025 жылы егемен ел жаңа белестің табалдырығында тұр: болжамды жалпы ішкі өнім 300 млрд доллардан асып, даму бағыты көл-көсір өсімнен тұрақты өрлеуге қарай бет бұрған. Осы жолдардың жалғасы бостан еліміздің экономикалық жылынамасындағы басты кезеңдерді, жетістіктер мен түйткілдерді талдап, қазіргі үрдістерге көз жүгіртпек.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы асу: тар кезең (1991-2000)

1991 жылдың желтоқсанында Кеңес Одағы тарағаннан кейін Қазақстан Республикасы бір сәтте өзіне тиесілі, бірақ, әлсіз, орталықтан жоспарланған және толықтай шикізатқа тәуелді экономиканы мұраға алған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел үшін нағыз сынақ алаңына айналды. «Теңгесі тиындап» әр күні күйіндаған гиперинфляция халықтың қолындағы қаржыны көз алдында құнсыздандырды. Кілт үзіліп қалған сауда байланыстары өнеркәсіптің өрісін тығырыққа тіреді. Ал, өндіріс күн сайын құлдырай дейміз-ау, құлдилай бастады. 1991 жылы ЖІӨ 11%-ға төмендеді. Сонау аласапыран 1990 жылдарда экономика кенестік деңгейдің 40-50%-ына дейін құлазыды.

1992-1993 жылдары басталған жекешелендіру нарықтық өзгерістерге жол ашады деп күтілгенімен, іс жүзінде мүлдем басқа сипат алғанды. Стратегиялық активтер жаңа қалыптасқан олигархтық топтар-

дың қолына өтіп, халық жаппай жұмыссыздық пен кедейшіліктің ауыр салмағын сезінді. Тар кезең Қазақстанның жаңа экономикалық жағдайға жасаған алғашқы қадам еді. Иә, зілмауыр, қайшылыққа толы, әйткенмен, болашақ даму бағытын анықтап берген уақыт.

Токсан тараулы токсаныншы жылдардың қак ортасына қарай реформалардың қарқыны күшейе түсті. 1995-1997 жылдары үкімет жаппай жекешелендіруді, баға либерализациясын және валюта бақылауын жүзеге асырып, экономиканы біртіндеп тұрақтандыруға қол жеткізді. 2000 жылы Қазақстанға Еуропалық одақ тарапынан, ал, 2002 жылы АҚШ тарапынан «нарықтық экономика» мәртебесі берілді.

Мұнай мінбері (2000-2014)

2000 жылдар отанымыз үшін экономикалық өрлеу соқапағы болатын. Мұнай мен газ бағасының жоғары болуына байланысты республика экспорттың 40-50%-ын және бюджеттің елеулі бөлігін құрайды. Елдің экономикасы қарқын алды. Мәселен,



Коллаж жасаған Арайлым Коктева

2000 жылы ЖІӨ 9,6%-ға өсіп, 1999 жылғы 1,7%-дан айтарлықтай артық көрсеткішке жетіп жығылған. 2006 жылы екі таңбалы деңгейге тура 10,6%-ға көтерілді. 2000-2007 жылдардағы орташа жылдық өсім 10%-дан асқандықтан, Қазақстан әлемдегі ең тез дамып келе жатқан экономикалар санатына сәтті қосылды.

Ел энергетика саласына шетелдік инвестицияларды жұмылдырды. Арнайы экономикалық аймақтар құрды және 2015 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылды. 1991 жылдан бері жан

басына шаққандағы ЖІӨ алты есеге өсіп, 2020 жылы шамамен 9 122 долларға жетті. Дегенмен, шикізатқа тәуелділік әлі де айқын көрінген. 2008 жылғы жаһандық дағдарыс экономиканы төмендетсе, 2014 жылы мұнай бағасының құлдырауы теңгенің девальвациясына және өсімнің баяулауына әкеп соқты.

Диверсификация дәуірі (2014-2020)

2014 жылдан бастап экономика сыртқы соққыларға тап болды. Мұнай бағасының құлдырауы, негізгі серіктес Ресей-

ге қарсы енгізілген санкциялар және жаһандық тұрақсыздық өсімді недәуір бәсеңдетті. ЖІӨ жылдық 1-4% аралығында ғана өсті. Үкімет көмірсутекке тәуелділікті азайту мақсатында әртараптандыру бағдарламаларын іске қосты.

2020 жылы COVID-19 пандемиясы салдарынан ЖІӨ 2,6%-ға қысқарды. Алайда үкіметтің жедел қолдау шаралары – фискалдық ынталандырулар – қалпына келтіруге мүмкіндік берді: 2021 жылы өсім 4,5%-ға жетті.

➤ 5-бет

• ЖЫР-ШАШУ

Серік АҚСҰҢҚАРУҰЛЫ

Ел мен жер

Ел –
Жер –
Ер –
Үшеуін Үш Таған көрдім.
Соған – серт!
Сен нұсқаған заманға ердім.
Жеті қат жер астына түсіп-шығып,
Жетемде – Жеті Жарғы –
Саған келдім.

Сығалап жын мен жыбыр есік-төрден,
Тарихтың тақсыретін кешіп келген, –
Алаш тұр алдына кеп, аяғынан
Тұсауын Алла өзі шешіп берген.

Безеріп – іші,
Ылғи беті – күлген,
Кердеңнің өзін сипап кекілінен, –
Бауырыма басып алып, Саған келдім,
Жесірін Жер бетінің, Жетімімен!

Көк Түркі,
Көк Бөрінің тұқылы бір, –
Үкілі Ұл,
Үкілі Қыз,
Үкілі Жыр, –
Иманы Ясаудің жан тербеген,
Исатай-Махамбеттің тұқымы –
Бұл!

Алтынмен ер-тұрманын өрнектеген,
Бекзаттық біткен жұрт ек жөргекпенен.
Бай болған, бағлан болған құл-құтанға,
Құдайым, тауыпқ бере гөр деп келем...

Ел –
Жер –
Ер –
Үшеуін Үш Таған көрдім.
Соған – серт!
Сен нұсқаған заманға ердім.
Жеті қат жер астына түсіп-шығып,
Жетемде – Жеті Жарғы –
Саған келдім...

• МЕМОРАНДУМ

Ынтымақтастық — жеңіс бастауы

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубын Freedom Holding Corp компаниясы сатып алған болатын. Күні кеше өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев компанияның бас атқарушы директоры Тимур Турловпен кездесіп, клубты жекешелендіру құжаттарына ресми түрде қол қойды. Әрі өңірдегі кәсіби футболдың дамуына жаңа серпін беруге бағытталған екіжақты меморандумға қол қойды. Сонымен қатар, клубтың жаңа бас банкері ретінде Дмитрий Огай тағайындалып, ресми түрде таныстырылды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Шахтер» клубын Freedom Holding Corp компаниясына беру барлық заң талабы мен рәсіміне толық сәйкес жүзеге асқан. Мүлікке кешенді бағалау жүргізіліп, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырылды. Содан кейін ғана клуб саудаға шығарылған. Ал, қазіргі уақытта клубты сатып алуға қатысты барлық әкімшілік рәсімдер толық аяқталған.

— Мемлекет басшысының футбол клубтарын жекешелендіру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында біз спортты басқару философиясын түбегейлі өзгерттік. Ашықтық, жауапкершілік және тұрақты даму қағидаттарына негізделген жаңа бағытқа бет бұрдық. Қазірдің өзінде балалар мен жасөспірімдер футболында нақты оң өзгерістер байқалады. Тимур Русланұлының бастамасымен Freedom QJ League белсенді түрде дамып келеді. Бұл — ашық іріктеу мен адал бәсекеге негізделген жүйе, әрі талантты ойыншыларды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік беретін іс. Мұның барлығы

жас футболшыларды даярлаудың мүлде жаңа мәдениетін қалыптастыруға жол ашып отыр, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Тимур Турлов клубты қолдаған барлық жандарға алғысын білдіріп, алдағы жоспарларына тоқталды. Атап айтқанда, жергілікті жастарға бағытталған сапалы қызметті қалыптастырып, заманауи цифрлық құралдарға сүйенетін аналитикалық бөлімді іске қосуды көздеп отыр. Одан бөлек, медициналық бөлімді жаңғырту клубтың басты басымдықтары ретінде қарастырылуда.

— Аңызға айналған клубты қайта жаңғыртып, жұмысын жаңа деңгейге шығару — басты мақсатымыз. Еурокубоктарды жеңу — негізгі мақсатымыздың бірі. Қазіргі уақытта жасақталып жатқан жаңа команда ел мақтанышына айналды деп сенемін. 2026 жылы бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Алайда, тағы да атап өткім келеді. Бір сәтте үлкен олжаға кенелу деген болмайды. Сондықтан, біздегі басымдық — ұзақ мерзімді әрі жүйелі, — деді Тимур Турлов.

Клубтың бас банкері лауазы-

мына Дмитрий Огай тағайындалды. Бұл есім футбол сүйер қауымға жақсы таныс. Жаттықтырушылық мансабында ол екі мәрте Қазақстан чемпионатын жеңіп алып, бірнеше мәрте жүлделі орындарға ие болған. Сонымен қатар, Қазақстан кубогы мен Еуропаның Интертото кубогының иегері де атанған. Енді бапкерге клубты Премьер-Лигаға шығару міндеті жүктеліп отыр.

— Осындай ауқымды әрі жоғары деңгейдегі жобаның бір бөлігі болғаныма қуаныштымын. Біз «Шахтерді» бұрынғы биігіне қайта шығару үшін бар күшімізді саламыз. Бай тарихы бар клуб қайтадан Премьер-Лига медальдары үшін күресіп, еурокубоктарда ойнауға әбден лайық. Бұл жолда дарынды жергілікті жастар үлкен көмек көрсететініне сенемін. Алда атқарылар жұмыс көп. Маусым-аралық кезеңді барынша тиімді пайдалануға тырысамыз. Клуб басшылығына көрсеткен сенімі үшін алғысымды білдіремін, — деді Дмитрий Огай.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ

Жеңімпаз жобалар шарапаты

Жылма-жыл облыста жас толқынның талабы мен талантына серпін беретін бір маңызды дәстүр жалғасып келеді. Облыс әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты жас кәсіпкерлерге ұсынылар гранттары жаңа идея мен тың жобаның бастауына айналған. Жүздеген өтінімнің арасынан іріктелген ең үздік 25 жоба лайықты бағасын алып, өз ісін дамытуға мүмкіндік табады.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы жыл жеңімпаздары — ғылымнан өнерге, әлеуметтік бастамалардан кәсіпкерлікке дейінгі сан түрлі бағыттағы идея ұсынып, өз қарымын дәлелдеген жас буын. Ал, быттыр жыл үздіктері де өміршең жобалары арқылы өңірдің дамуына тың тегеурін сыйлап, жаңа белестерді бағындыруға бет алған. Қолдауға ие болған жобалар ішінде, «Жастар. Жауапкершілік. Болашақ» медиа жобасы, мүгедектігі бар тұлғаларға арналған ақпараттық портал, «Жақыныңа жәрдем бер» жүк тасымалы және арнайы техника қызметі, 7212 community, яғни, Қарағандыда медиа саласы өкілдеріне арналған шығармашылық кеңістік, қазақ аспаптық ансамблінің жандануы, «Сәкі мен әмбебап үстелдерді жасау», «Gulim centre» атты инклюзивті балаларға білім беру орталығы, «Алтын мұра» тігу кестелеу студиясы, «Қарағанды облысының бірінші басшылары (1936-2024 жж.)», «Jazatpan» платформасы, MedEX — медицина студенттерінің дамуына арналған медиа бағытындағы жоба, ерекше балаларға арналған сенсорлы интеграция кабинеті сынды ілкімді істер жалғасын тапқан.

— Биыл конкурста 300-ден астам өтінім келіп түсті. Комиссия барлық құжаттарды қарап шығып, Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, қорытынды шығарды. Ақтық кезеңге 50-ден астам бәсекеге қабілетті деген өтінім іріктелді. Одан кейін қатысушылар бәйге шарттарына сәйкес міндетті оқыту кезеңінен өтеді. Гранттар алты бағыт бойынша: бизнесі дамыту, ғылым, мәдениет, IT, медиа және волонтерлік салаларына сарп етілетін болады. Соңғы жылдары



жастарға арналған оқу орталықтарын ашуға қызығушылық артқаны аңдалады. Әсіресе, креативті бағыттағы идеялар көп. Сарапшы мұндай жобаларды мұқият қарастырды. Барлығы қолдау таппаса да, едәуір бөлігі мақұлданды. Грант алушылар шарт жасасқаннан кейін жыл сайын есеп тапсырып отыруы тиіс. Сонымен қатар, жылына бір рет мониторингтік топ жобалардың барысымен немесе нәтижелерімен танысу үшін тексеру амалдары жүргізіледі, — деді облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бас маманы Ұлан Омаров.

Гүлшат Қуанышбек жобасының миссиясы — сенсомоторлық бұзылысы бар балаларға сенсорлы интеграция арқылы дефициттар орнын толықтырып, бір жарым жасқа дейін моторлы онтогенез, одан жоғары сенсорлы интеграцияны іске қосу. Кабинетінде сенсомоторлық бұзылыстың алдын алу (абилитация), диагностика жасалып, түзетуде (коррекция) дұрыс бағыт беру, оңалту (реабилитация) шаралары жүргізілуде.

— Өзім ерекше баланың анасымын. Көңігі дефектологтың, логопедің, — деп бастады әңгімесін жас кәсіпкер Гүлшат Мерекеқызы. — Шыны керек, мемлекеттік тілде жұмыс істейтін сенсорлық кабинеттердің тапшылығы талай баланың негізгі қажеттілігіне қолбайлау болып келді. Осы



олқылықтың орнын толтыруды армандадым. Алдымен екі миллион теңгелік грантты ұтып алдық. Сол сөз өз ісімізді нық бастауға берілген алғашқы демеу болды.

Бүгінде Гүлшаттың шағын орталығының табалдырығын аттаған баланың саны 70-ке жеткен. Әрқайсысы — өз әлемі бар

бөбек, әрқайсысының жетістігі — үлкен еңбектің жемісі.

— Түбіртегіміз орта межелі, кеңістікті жалға алып жұмыс істеп жатырмыз. Бірақ, бастаған игілікті ісімізге көңіл толады. Ең бастысы — нәтиже. Сол үшін еңбектенудеміз, — дейді ол сеніммен.

Және бір өміршең жоба MedEX — жас мамандардың кәсіби көкжиегін кеңейтуге бағытталған өзгеше бастама. Бұл — медициналық білім сапасын арттырып, студентке құрғақ теорияны емес, шынайы тәжірибемен ұштасқан терең ойлау мәдениетін дарытуды көздеген менторлық әрі білім беру экосистемесі. MedEX алаңында болашақ дәрігерлер адам тағдырымен бетпе-бет келетін жауапты сәттерге кәсіби тұрғыдан да, адами тұрғыдан да дайындалады. Мұнда клиникалық ойлау — күр әдістеме емес, нақты жағдайды талдай

болып қалыптасуына салынған сенімді көпір.

— Мұнда медицина бағытындағы студенттер өз білігін шыңдап, болашақ мамандықтың кәсіби тынысын сезінеді, — дейді жоба директоры Досжан Әмзбек. — Қазіргі медицинадағы ең өзекті мәселелердің бірі — этикалық құндылық. Дәрігердің білімі мейіріммен, ал, кәсібилігі адамгершілікпен астасқанда ғана нағыз нәтижеге қол жеткізуге болады. Грант қаражаты осы мақсатқа бағытталып, академиялық білім мен іс жүзіндегі дайындықты күшейтетін заманауи манекендер мен қажетті жабдықтар сатып алынды. Енді студенттер теорияны оқып қана қоймай, өз қолымен көріп, сезіп, тәжірибеде бекіте алады. — Қарамағмызда қазір алпысқа жуық студент бар. Әрқайсысы — ертеңгі күнгі дәрігер, оларға берілген білім мен тәрбие — қоғамның денсаулығына салынған тікелей инвестиция, — деп атап өтті жоба жетекшісі. Досжан Әмзбектің айтуынша, MedEX алаңы — жас мамандарды клиникалық дәлдікке ғана емес, адами тереңдікке де тәрбиелейтін орталық.

Ертеңге сенген жас толқынның талабынан туған ізгі идеялар өңірдің рухани да, кәсіби де әлеуетін еселеп келеді. Сенсорлы интеграция кабинетінен шыққан әр бала — түзелген тағдыр, қалпына келген үміт. Ал, MedEX алаңынан түлеп шыққан әрбір жас маман — адамға шипа дарытатын мейірім мен жауапкершіліктің үлбірі үлгісі. Баянды бастамалардың бағамы әсте материалдық қолдаумен ғана өлшенбек емес. Жобаның қыр соңында жүрген жігерлі жандардың жолына көз салсаңыз, бір нәрсе айқындалады: тәуелсіз елдің тегеурінді ұрпағы бар екенін, олардың жүрегінде елге деген мқылас, істе — кәсіби биік талап жатқанын көреміз.

Талантқа тұсау болмайтын дәуірде «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттары — сол жастарымыздың ең батыл идеяларына қанат, асқақ армандарына бағыт болып тұр. Қолдау тапқан әр бастама — бір-бір шамшырақ. Сол шамшырақтар жол көрсетер жас буын көбейген сайын, өңірдің де, елдің де келешегі нұрлана түсері сөзсіз.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жедел жәрдемнің тынысы ашылады

Адам өмірі мен денсаулығы әрдайым мемлекеттік саясаттың басты назарында. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев денсаулық сақтау жүйесінің қолжетімділігі мен сапасын арттыру — ел дамуының маңызды бағыттарының бірі екенін бірнеше мәрте атап өтті. Осы бағытта облыста медициналық инфрақұрылымды нығайту, әсіресе, ауылдық жерлерде медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздік күні қарсаңында облыс бойынша заманауи реанимациялық және диагностикалық құралдармен жабдықталған 113 жедел жәрдем көлігі медицина ұйымдарына табыстады. Оның ішінде, 8 реанимобиль бар.

— Медициналық көмек «алыс жерде» емес, ең алдымен, тұрғындарға жақын болуы тиіс. Осы мақсатта «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірде 92 медициналық нысан салынды. Оның 51-і қайтарылған активтер есебінен құрылған арнайы мемлекеттік қор қаражатына жүзеге асырылды. Бұл ауыл тұрғындарының аса өзекті қажеттіліктерін жабуға мүмкіндік берді. Биыл Үкімет арнайы мемлекеттік қордан 6,2 млрд теңге бөліп, облыстық онкологиялық орталықтағы операциялық-реанимациялық блоктың құрылысын аяқтауға және оны заманауи

құрал-жабдықтармен жарақтандыруға қаржы бағытталды. Бұл — өңір үшін стратегиялық маңызы бар маңызды жоба, — деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев. Өңірде тек бастапқы медициналық көмек қана емес, жоғары технологиялы медициналық қызмет түрлерінің де қолжетімділігі артып келеді. Теміртауда ангиографиялық операциялық блоктың құрылысы аяқталды. Балқашта бұрынғы санаторий ғимаратын оңалту орталығына айналдыру жұмыстары жалғасуда, сондай-ақ, көпбейінді ауруханада күрделі жөндеу жүргізілуде.

Сонымен қатар, өңірде томотерапия орталығы, expertтік деңгейдегі УДЗ орталығы ашылып, екінші сызықтық үдеткіш іске қосылды. Нейрохирургия саласында алғаш рет медициналық RemeBot роботы пайдаланылып, миға күрделі оталар жасалуда. Медицина саласындағы кадр тапшылығын азайту мақсатында ауылдық ауруханаларға 67 жас дәрігер жұмысқа тартылды. Оларға 8,5 млн теңгеге дейін біржолғы қаржылай қолдау



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

көрсетіліп, тұрғын үй мәселесін шешуге де жағдай жасалуда. 2023 жылдан бері медицина қызметкерлеріне 250 пәтер берілді.

— Бұл жолғы жаңа көліктердің келуі арқылы бізге қажетті автопарктың қоры толық жабдықталды. Барлығы 113 жаңа көлік келді. Оның ішінде, заманауи аппараттармен жабдықталған 8 реанимобиль бар. Дефибрилятор, кардиограф, өкпені жасанды желдету аппараттары — бәрі соңғы үлгідегі техника. Бұл құралдар телеметрия арқылы кезекші дәрігермен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мен жедел жәрдем саласында 31 жылдан бері еңбек етіп келемін. Бұрын мұндай деңгейдегі аппаратрамен жұмыс істеген емеспіз. Қазір медицина қызметкерлері үшін де, халық үшін де жағдай әлдеқайда жақсарды, — деді облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының бас фельдшері Оксана Топчий.

Оның айтуынша, жаңа автокөліктер облыстың қалалары мен ауылдарына қажеттілікке қарай бөлінеді. Теміртауда жедел жәрдем автопаркі толықтай жаңартылып, қалаға 13 жаңа көлік беріледі.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҚҰНДЫЛЫҚ

Тарихтағы жаңа дәуір

Тәуелсіздік – бұл мемлекет үшін ең маңызды саяси құндылықтың бірі. Ол сыртқы саясаттағы дербестік ғана емес, сонымен бірге, халықтың өзін-өзі басқару құқығы, ұлттық бірегейлікті сақтау және еркін әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету деген сөз. Қазақ елінің тәуелсіздік жолы ұзақ және күрделі тарихи кезеңдерден өтіп, 1991 жылы ғана нақты жүзеге асты. Елдің егемендігі – саяси тұрақтылық пен экономикалық даму кепілі ретінде маңызды мәнге ие. Айтпақшы, қызық факт осы «егемен» сөзі, «егемендік» ұғымы да сол кезде қолданысқа енгізілді. Сол кездегі ғалымдарымыз «Егемен болмай, ел болмас» деп толғаған қазақ жырауларының аңсаған арман сөздерінен алды. Жүз жылдаған азаптар мен қырық жыл қырғындардан аман қалған ұлтымыз кеш те болса келген азаттыққа қол жеткізуін бір құдайдың жар болғаны ма дерсіз. Кеш демекші, сол кездегі Кеңес Одағындағы 15 Ұлттық Республиканың тәуелсіздік алуының алды шілдеден басталады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы маңызды саяси-құқықтық құжаттар сол кездегі бір палаталы Парламент – Жоғарғы Кеңесте қаралып, қабылданды. Осы тұста айта кету керек, егер тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік берсек, бір палаталы Парламенттің артықшылығы мол. Мемлекет басшысының бір палаталы Парламент құру туралы саяси реформа ұсынуы дұрыс.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – елдің тәуелсіздікке ұмтылысындағы маңызды бетбұрыс болды. Алматыдан басталған жастардың қозғалысы – ұлттық саяси сана мен дербестікке ұмтылыстың анық көрінісі. Одан кейін де кеңестік басқару жүйесінде саяси дағдарыстар жалғаса берді.

«Нәтижесінде» деп айтуға толық негіз бар, яғни, саяси тоқыраудың соңы Қазақ елінің азаттыққа жетуіне жол ашылды. Ал, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі жарияланды. Бұл шешім – ел тарихында жаңа дәуірді бастады. Сыртқы саясатта дербестік, ішкі басқаруда ұлттық мүддеге басымдық беру, экономикалық реформаларды жүргізу мүмкіндігі пайда болды.

Сөзсіз тәуелсіздіктің саяси мәнісі зор болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан мемлекеттік құрылымын нығайтуға кірісті. 1993 жылы алғашқы Конституция қабылданып, елдің саяси-құқықтық негіздері бекітілді. Бұл құжат Президенттік басқару жүйесінің қалыптасуына,

Парламенттің өкілеттіліктерін айқындауға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға негіз болды.

Алда тәуелсіздікпен үйлескен ұлттық даму мәселесі күтіп тұрды. Тәуелсіздік – саяси егемендік ғана емес, сонымен қатар, ұлттық мәдениет пен тілді дамытуға жағдай жасау. Ел егемендік алғаннан кейін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде бекітіп, ұлттық дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды сақтау бағытында маңызды қадамдар жасады.

Қазіргі таңда ел тәуелсіздігінің жетістіктері мен мәселелері қатар келіп отыр. Қазақстан тәуелсіздігін сақтау мен нығайту жолында бірқатар сынаққа тап болуда. Соғыстар, геосаяси жағдайлардың өзгеруі, экономикалық тәуекелдер және ішкі саяси реформалардың қажеттілігі елдің тұрақтылығы мен дамуындағы аса өзекті сұрақтар болып отыр. Болашақта тәуелсіздікті сақтау мен нығайту үшін Қазақстан ұлттық, мемлекеттік қауіпсіздікке көбірек назар аударуы, саяси реформаларды жүзеге асыруды, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуді және ұлттық құндылықтарды қорғауды жалғастыруы тиіс. Тәуелсіздік – елдің басты құндылығы, оны сақтау – әрбір азаматтың міндеті. Дегенмен, Тәуелсіздік 30 жылдан астам уақыт бойы салыстырмалы түрде елдің саяси тұрақтылығын, экономикалық дамуын және халықаралық аренадағы беделін нығайтуға мүмкіндік берді. Елдің стратегиялық дамуы,



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

индустриалды жобалар, білім беру және технология саласындағы жетістіктер тәуелсіздіктің мүмкіндігінше тиімді саяси негізде жүзеге асырылғанын көрсетеді.

Қазақстанның тәуелсіздігінің саяси стратегиялық мәселелері – қашып құтылмайтын құбылыс. Тәуелсіздіктің саяси стратегиясы – бұл елдің ұзақ мерзімді саяси даму жолы мен қауіпсіздігін анықтайтын басты фактор. Қазақстан үшін маңызды стратегиялық мәселелер келесілер. Біріншіден, сыртқы саяси қауіпсіздік. Геосаяси орналасуы бойынша Қазақстан көршілес мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өзара тиімді және тең құқылы қатынастар орнатуы қажет. Екіншіден, ішкі саяси тұрақтылық. Саяси институттарды нығайту, құқықтық жүйені жетілдіру және азаматтық қоғамды дамыту – стратегиялық басымдықтардың негізгі бағыттары болуы тиіс. Үшіншіден, экономикалық тәуелсіздікті сақтау. Табиғи ресурстар мен стратегия-

лық салаларды басқару, сыртқы экономикалық тәуекелдерге төтеп беру басты саяси стратегиялық мәселелердің бірегейі болады. Төртіншіден, ұлттық бірлік пен мәдени қауіпсіздік. Мемлекет құрушы ұлт мүддесінде көпэтносты қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік тіл мен мәдениет арқылы ұлттық бірегейлікті сақтау. Бесіншіден, инновациялық даму және бәсекеге қабілеттілік. Ғылыми-техникалық прогресті, цифрландыруды және білім сапасын көтеру арқылы халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Мемлекеттілік мәселесінде ұлттық идеология маңызды рөл атқаратынын баса айта кету керек. Қазақстанда ұлттық идеологияның қажеттілігі айқын. Ұлттық идеология – мемлекеттің ішкі тұрақтылығы және халықтар мен ұлттардың бірлігін қамтамасыз ететін негізгі құрал. Мәселен, кезінде «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» сияқты ұлттық идеоло-

гияның жақсы бағыттары насихаттала бастап еді.

Алдымен, ұлттық бірегейлікті сақтау, яғни, көпэтносты қоғамда қазақ мәдениетін, тілін және дәстүрін сақтау үшін ұлттық идеяларды жүйелі түрде насихаттау қажет. Одан кейін – саяси тұрақтылық. Ұлттық идеология халық арасында жалпыға ортақ құндылықтар мен мемлекетке деген сенімді нығайтады. Бұл саяси дағдарыс жағдайында мемлекеттің тұрақтылығын сақтауға көмектеседі. Және де мемлекеттік бірлік. Ұлттық идеялар мемлекеттік саясатпен үйлесімді болу арқылы әрбір азаматтың мемлекеттің дамуына белсенді қатысуына ықпал етеді.

Ел тәуелсіздігінің мызғымастығы жолында ұлттық идеология сәтті және берік қалыптасса, ұлтқа, руға бөлінуге, әскери борышын өтеуден қашуға, мемлекеттік қызметтерге салғырт қарауға, заңға құрмет көрсетпеуге, сыбайлас жемқорлыққа, ерікті түр-

де шетелдерге қоныс аудару мен жұмыс іздеп кетуге, шетелдерге білім алуға көбірек әуестікке (тағы-тағысын тізіп айтуға болады) жол берілмейді. Яғни, ұлттық идеологияның нәзік сұрақтары әр адамның балабақша, отбасынан қоғамдық қызметіне дейін санасына сіңіріліп, насихатталмақ. Мысалы дейтін болсақ, ұлттық идеологияда Жапония, Германия және титулды ұлты болмаса да, АҚШ ілгері болып тұр. Біздің қоғамда басқа ұлттарды айтпағанда, қазақ арасында зорлық-зомбылық, аса ірі алаяқтық қылу, ауыр қылмыстарға бару, т.б. осы тақырыпта ойландыратын үлкен сұрақ. «Әр қазақ – менің жалғызым» дейтін Сабыр Адай сөзі тұрса, «Бір елміз, біргеміз» дейтін басқалар болса, міне, егеменді елдігіміздің ертеңі анық болмақ.

Мемлекеттілігіміз мызғымас, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Айдос БӘДІЛУЛЫ,
саясаттанушы

• РУХ

Тәуелсіздік тек шекара ғана емес

«Егер тіл мен мәдениет жоғалса, шекаранды аша сал. Бәрібір ненді қорғайсың? Бұл енді сенің елің емес» деген сөз бар. Бұл – әлемдік деңгейдегі қайраткер хәм күрескер Нельсон Манделаның сөзі. Қазақ егемендігін алғанда шекарасы үшін ғана қуанған жоқ. Өйткені, бұл – ұлы өркениеттің, ұлы рухтың үні Ана тіліміздің, салт-дәстүр, ұлттық таным-дүние мен мәдениетіміздің, азаттығымыздың қасиетті мекені. Өз мекенінде, өз төрінде ғана Жаратқаннан түскен болмысымен, еркіндігімен ғұмыр кешесің. Міне, Егемендік дегеніңіз – сызылған шекара ғана емес.

 **Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ «Ұлым – құл, қызым – күң болмасым» деп талай ғасыр қасиетті күрес жүргізді. Бұл – әуелден азат болу үшін жаралған ер халықтың ғана айтатын сөзі. Өйтпесе, жер бетінде құлдықтың шынжырымен жетектеліп, талай халық уақыттың кара құрдымына еніп, ғайып болған. Жер-жаһанда, мынау қатыгез жалғанда бұдан асқан қасірет, бұдан асқан қайғы жоқ.

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Мағауиннің «Кесік бас, тірі тұлып» деген хикаясын оқығаныңыз бар шығар? Міне, сондағы бір кезеңде дәуірі дүркіреген, қуатынан тұтас құрлық тітіренген империяның ең соңғы бас көтерері, шерлі шерісі Жа-Ламаның трагедиясын еске түсірініздерші. Көз алдында ұлысы құрып жатқан Жа-Лама демі үзілгенше күреспей ме?



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

Хикаяттың бір тұсында Жа-Лама халқының жан тебіренгер әндерін көкірегін қарс айырар сағынышпен шырқайтыны бар. Мереке кезіндегі ойын-сауықтарын, ұл-қыздарының шат-шадыман күлкісін қайғыланып еске алады. Өзімен өмір салты ұқсас, өздеріндей далалық қазаққа «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны» ұйымдастырған, қисассыз қырғынға салған Жоңғар империясы жер жүзінен жойылды. Жер шарынан шекарасы өшіргішпен өшірілгендей болды. Уақыттың қатал заңдары шекарасымен бірге олардың далалық

мәдениетін, салт-дәстүрін жоқ қылды.

Қазақ әдебиетінің тағы бір алыбы Төлен Әбдіктің «Тозақ оттары жымындайды» деген повесі де ормандағы Арақу тайпасының қасіретін баяндайды. Тайпа мәдениеті мен тілі үшін күреспек түгілі жан сауғалар орын таппай қалады. Жалпы, әлем әдебиетін ақтарып отырсаңыз, тіршілігі тоқтаған, жалауы құлаған ұлыстардың, елдердің трагедиясын баяндайтын шығармалар жетерлік. Бұның бәрі әлгі айтып отырған қасіреттің салмағын сездіреді, сездіре отырып елдік-

тің қадір-қасиетін ұқтырады.

Осы күнде қазақ өткеніне зор үреймен де қарайды. Үреймен қарайтындай-ақ жөні бар. Талай мәрте тағдырдың қыл көпірінен өттік. Бірақ, «ар» деп, «қастерлі Атамекен» деп ер туған ата-бабаларға мың алғыс, тағзым. Ғасырлар бойы армандаған, аңсаған азаттыққа қол жеткіздік. Шекарамыз бүтінделіп, Ата Заңымыз жазылды. Бүгінде өзінің мәдениетін, ұлан-ғайыр даласында тамыр жайған өркениетін бүкіл әлемге паш етіп отыр.

Қазақтың болмысы күй өнерінде жатыр. Осы күнде

Арқада дәулескер күйшілердің мұралары барынша дәріптеліп, кейінгі жас толқын жаһанның түпкір-түпкірінде домбыраны күмбірлетіп жүр. АҚШ-та миллиондаған тыңдарманның алдында күй шерткен Димаш Құдайбергennің өзі бір бөлек әңгіме.

Ойлап қарасаңыз, күйшілер өзінің бар білгенін үйретер, аманаттар шәкірт таппай зар-құсаның шыңырауына түскен заман да болған. Далаға жендет жайылып, домбыраны өртеп, күйшісін барса келмесе жіберген күндер де өткен мынау жұрттың басынан.

Қазақ рухының алауы жанған фольклорымен қайта табысты. Ұрпағының жүрегіне от жағу үшін эпосына қайта қайырылды. Ғасырға жуық уақыт қазақ Мағжан, Міржақып, Ілияс секілді асыл перзенттерінің атын атауға да үрейленген еді. Егемендікте ұлан-ғайыр атыраптың түпкір-түпкірінде Алаш арыстарының оқулары өтіп, үндері қайта жаңғыруда. Олардың мұралары ұрпақ тәрбиесінің негізгі құралына айналды. Сөйтіп, өзінің өзегіне оралды. Өзегінен алыстағанның көрер жарығы жоқ.

«Жоктық деген немене – барлық делік, Бакыт деген дүние ме – алдық бөліп.

Дүниедегі ең ұлы көрініс не? Ол шідерін үзген ат қарғып келіп» дейді классик ақын Есенғали Раушанов. Қазақ – шідерін үзген ат. Шідерін үзіп, күй мен жыр аңқыған жұпарлы даласында бауырын еркін жазып жүр. «Аяғыма қараймын – шідерім жоқ, Неге қарсай береді жіліңшігім?» дейді әрі қарай. Үш ғасырға жуық шідерлендік. Аз уақыт емес. Сыз тартар, жіліншігіңді қажар шідердің ізін қалатындай-ақ. Бірақ, қазақ деген ұлы халық дүниенің сырын білген да- нышпан емес пе?! «Уақыт емші» дейді сол данышпан жұрт. Бәрі уақыттың еншісінде. Егемендіктің ширек ғасырынан енді кара үзіп барамыз. Бірақ, осы уақыттың өзінде жоғалтқанымызбен табыстық. Енді соның қадірін біліп, төбемізге тұтпақ керек, аяламақ керек. Төбесіне тұта алса, аялай алса, өмірдің хәм жалған- ның пайымын алты ауыз өленіне сыйғыза салған осы бір ардақты жұрттың келешегі жарқын.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ЖЕЛТОҚСАН ҚАҺАРМАНДАРЫ

Дина қыздың тағдыры

Алматыда дүр сілкінген жастардың толқуы, шынымен, зор толқын еді. Оның әсері әр өңірге, әр аймаққа жетіп жатты. Алматыдан соң әр облыста жастар жан сауғалап қалмады. Қайратқа мінді, намысқа бекінді. Дәл сондай толқу Жез-қаланы да жайбарақат қалдырмады. Уақыт жылжиды, күндер алмасады, бірақ, 1986 жылдың қанды да қасіретті, өр де өжет рухы ұрпақ санасында мәңгілікке танбаланды. Өйткені, Желтоқсан – ерлікке айналған жа-стықтың, әділетке айналған азаттықтың, ұлт рухына айналған намыстың символы. Сол бір ызғарда алаңға шыққан арыстай ұлдар мен қырмызы қыздардың қатарында бүгінгі дана ұстаз, елге қызмет етуді өмірінің мәні еткен Дина Жолдасова да бар еді. Қырық жылға жуық ғұмырын білім мен тәрбиеге арнаған оның тағдырында Желтоқсан оқиғасы – жазылмас жара.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1986 жылы Дина Тұрсынқызы Жез-қазған педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде оқи-тын, жастардың көшбасшысы, құрылыс отрядының командирі еді. Сол бір ызғарлы күндері түн ортасында жатақханаға жи-налған студенттердің ерік-жігері жүрек-ті толқытпай қоймайды. Қараңғы түнде ақыл сұрап барғанда «алаңға барындар немесе бармаңдар» деп айтпай үнсіз ғана қолдаған профессордың бейнесі әлі күнге көз алдында.

Аязды желтоқсан бетті қарып тұр-са да, кері шегінбеді. Көшеге шыққан жастарды көрген үлкендердің «Жарай-сыңдар! Қазақтың намысын қорғандар!» деген сөздері оларға рухани дем берді. Олар өздерінің саясат ойынының құрба-ны емес, ұлттың ар-намысын қорғайтын ұрпақ екенін сезінді. Солдаттардың қуғы-нынан әрең құтылып, подъездге кіріп, жан сақтаған студент қыздардың көзі жасқа толғанымен, жігері жасмады.

– Подъездге қашып кіріп, жоғарғы қа-батқа шықсам, жатақханадағы төрт қыз сонда жылап отыр екен. Сол жерде бір-екі сағат отырдық. Біраз тынышталғанын «жатақханаға бармаңдар» деп ескертті. Бір уақытта «келіндер» деген соң қай-та жатақханаға кірмекші болдық. Бірақ, амалсыздан институттың оқу залына ба-рып, 10 минут отырып, «келдік» деп тір-келіп, содан шығып кеттік. Жатақханаға келгенде бізді кіргізбеді – «қайдан келе жатырсындар?» деп сұрады. Біз «оқу за-лынан келдік» дедік, ол сөзімізге сенген ешкім болған жоқ. Барлығын естіп-біліп алған екен. Бәріміз жатақхана залында жиналды. Екі-үш адам бөлмелерін ара-лап шыққан көрінеді. Сессияның алды. Он күн бойы тамақ ішкен жоқпыз. Бізге халық жауы сияқты қарады. Күнде келіп, жауап алатын. Бірде бізді залға жинап: «Сен туралы бір студент жазып берді» деген өтірік қағаз көрсетті. Алайда, оның фами-лиясы есімде жоқ. Біз: «Ол қағазды маман-дар тексеруі тиіс» деп жауап бердік. Содан кейін: «Комсомол мүшесіңдер, міндетті түрде оқудан шығаруға қол қоясындар ма, жоқ па?» – деп сұрады. Сол уақытта 3-інші хатшы келіп жиналыс ашты. «Қатысқан-дар, тұрындар!» дегенде, жанымыздағы бір қыз тұрып: «Мен барғандармен бір-ге болдым» – деді. Сол сәтте кімнің кім екенін, кімнің сатқын екенін әркім анық

көрді. Біз тұрып қалдық. Жиналыс ашқан адамдар маған қарап: «Бұл – құрылыс отрядына барғанда құйтырқы әрекет жа-саған. Екіжүзді, ұлтшыл, жұмыста өзге ұлт өкілдеріне қысым көрсеткен» – деп айтты. Сонда «Комсомолдан шығарылсын!» де-гендер қол көтеріңдер» деген сәт әлі көз алдымда, – дейді Дина Тұрсынқызы.

Өрімдей қыздың тағдыры талқыла-нып, «екіжүзді, ұлтшыл» деп айыпталып, дауысқа салынады. Дәл сол сәтте бір ауыз қазақша білмейтін Сәуле есімді қоста-найлық қыздың «біз өзіміз шешеміз, оған дәлелсіз кінә жаппандар» деп қорғап сөй-леуі – нағыз адамдықтың көрінісі еді. Де-генмен, жас қызға «қатаң сөгіс» беріліп, құжатына «саяси істі дұрыс сезінбеген» деген таңба басылды. Қолында әлі күнге сақталған сол қағаз – сол заманның әділет-сіздігін еске түсіретін үнсіз куә.

Ата-анасына «тәртібі бұзылған қыз-дың» ісі бойынша шақырту келгенде, соғыстың көрешегін көрген әкесі инсти-тутқа барып, ректормен тілдеседі. Ректор-дың: «Жастардың жасағаны дұрыс. Бірақ, демократия жоқ елде оны ашық айта ал-маймыз» деген сөзі сол кезеңнің күйін ай-на-қатесіз көрсетеді.

Кейіпкеріміз институт бітіргенде Шымкентке баруға мүмкіндік бола тұра, саяси «қара таңбаның» кесірінен Ақтоғай ауданына жолдама алады. Прокуратурадан екі рет хат келген соң ғана амалсыз барған жері – Ақтоғай ауданы Жамшы совхозы-на қарасты Қызылтас ауылы оның жана тағдырына айналды. Сол жерден Құрман есімді өмірлік жарын тауып, шаңырақ кө-теріп, Зарина, Марина, Ұлдана есімді үш бірдей әдемі қыздың анасы атанды.

1991 жылы Марина атты қызы дүниеге келгенде, Дина апай бесік тербетіп оты-рып, Тәуелсіздік жарияланған сәтті көзі-не жас алып тыңдады. «Сонда ғана біздің шындықтың беті ашылғанын сездім», – дейді ол. Оқудан шығарылған Рысқали мен Сайран кейін ақталып, біреуі Астана-да жоғары қызмет атқарғанын теледидар-дан көргенде, «шыныд жемді» деген ой жүзіне нұр сыйлапты.

39 жыл бұрынғы желтоқсан ызғары-ның қақаған суығы бүгінгі жүректерде рухқа айналды. Сол рухты сақтап тұрған – Дина Тұрсынқызы секілді қайсар адамдар-дың өмір жолы. Оның тағылымды тағды-ры, ерлігі – елге үлгі.

БАЛҚАШ



Сурет astanacitypress.kz

Қаймықпаған қайсарлық

Кезіндегі КСРО-дай алып империяның іргесін шайқалтып, бүгінгі Тәуелсіздігімізге жол салып берген Желтоқсан оқиғасына көп ұзамай 40 жыл толатын болса, сонда алаңға шығып атой-лаған қайсар ұл-қыздарымыздың бірі Гүлбаршын Қалмаққызы Аханова да сол күндердің қасіреті мен қиянатын әлі ұмытпайды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қостанай облысы Қостанай ауданының Алтын дала ауылында туып-өскен бойжеткен сол 1986 жылы Қарағанды мемлекеттік ме-дицина институты стоматология факультетінің III курсында оқып жүрген болатын. Дәл Желтоқсан айының 19 жұлдызында ол студент құрбыларымен әдеттегідей сабаққа баруға автобуска отырады. Сонда жандарына келген бір әйел Алма-тыда Қазақстан компартиясы Ор-талық Комитетінің бірінші хатшы-сы Дінмұхамед Қонаевты орнынан алып, сырттан ешкім білмейтін

Геннадий Колбинді қойғанына на-разылық танытқан қазақ жастары-ның ереуілдеп жатқанын айтып:

– Егер сендер де оларды қол-дайтын болсаңдар, ертең таңертеңгі сағат 10-да облыстық пар-тия комитетінің алдындағы алаңға келіндер, – дейді.

– Әрине, қолдаймыз! – деп жау-ап берген бұлар 20 желтоқсанда дәл межелі мерзімде Бейбітшілік буль-вары көпесі бойындағы обкомның алдында жылыып жатқан жастарға тобымен барып қосылады.

– Біз барғанда студент жастар «Менің Қазақстаным» әнін ко-сыла шырқап, олардың арасынан бірнеше адам халықтың бұл



шешімге қарсылығын айтып, ми-тинг бейбіт жағдайда өтіп жатқан, – деп еске алады сондағы көріністі Гүлбаршын.

– Бір кезде алаңды қоршай тоқ-таған милиция машиналары мен

«ПАЗ» автобустарынан түскен ми-тиционерлер бізге резеңке сойыл-дарымен тап бермесі бар ма? Қас қылғандай құрбым Баян Бөлтіріко-ва екеуіміз алдыңғы қатарда тұрып қалыппыз. Енді артымызға қара-

«Әлі де жүрек сыздайды, дене мұздайды»

Арада қырық жылға таяу уақыт өтсе де, 1986 жылғы желтоқсанда Алматы қаласында орын алған қасіретті де қа-сиетті оқиға ұлт тағдырына бей-жай қарай алмайтын әрбір адамның санасын сілкіп, қазақ ұлтына отаршылдықтың төндірген азабы мен мазағын қайтадан сараптауға ұмтылтады. Желтоқсанның ызғарына тонып, коммунистік-фаши-стік идеологияның қуғынына түскендердің бірі – қарқаралылық азамат, аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Сләмиден Нұркенов. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында осы азаматпен хабарласып, осыдан 39 жыл бұрын өзі куә болған оқиға туралы естелігін айтып беруді өтіндік. Төменде Сләмиден Қамашұлының әңгімесін назарларыңызға ұсынып отырмыз:



Сурет kazpravda.kz

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Республикамыздың сол кездегі астана-сы Алматыға еліміздің әр түпкірінен арман қуып келіп, студент атанғанымызға да көп болған жоқ еді. Екі жыл кеңес әскері қата-рында қызмет етіп, 1986 жылдың күзінде Алматы зооветтехникалық институтының зооинженерлік факультетіндегі оқуымды екінші курстан жалғастырдым. Бірінші кур-сты бірге оқып, одан кейін көпшілігіміз бір әскері бөлімде екі жыл бірге қызмет еткен-діктен болар, курстас жігіттер бір-бірімізге көдімгідей бауыр басып, достығымыз ныға-й түскен. Ол кездегі жастардың арасында жүз-ге, руга бөліну болмайтын. Туған жерінің, елінің, ата-анасының аманатын аркалап келіп, жоғары оқу орнында оқып жүрген жастар өздерін келешекте ауыл зиялысы бо-луға жан-жақты дайындап жүретін.

Желтоқсанның 16-сы күні, түстен кейін әр студенттің бөлмесіндегі қабырғада ілулі тұратын ең жедел ақпарат жеткізетін радио-қабылдағыштан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы өткені жай-ында хабар тыңдап, ол жерде Дінмұхаммед Қонаев орнынан босатылып республикаға Ульянов обкомының бірінші хатшысы Ген-надий Колбин тағайындалғаны туралы естідік.

Тың игеру кезінде, 1956-шы жылы құрылған Абай атындағы совхозда туып-өсіп, «халықтар лабораториясының» әсері мен «әсемдігіне» көзім жеткен және қайда барсаң да «кіші» халықтың өкілі екендігің бетіңе басылатындықтан бұл біз үшін бұл ыза мен реніш туғызатын хабар болды. Бөл-медегі жігіттердің ойын «Неге қазақ емес? Ұлттар өзін-өзі билеуі керек деген прин-цип неге аяқ асты болды? Еліміздің тізгінін ұстайтын бір азамат қазақ арасынан табыл-мады ма?» деген сұрақтар шабақтап жатқа-ны хак.

Иә, бұл кезде КСРО-да империялық амбиция барынша қарқын алып, орыс шов-инизмі асқынған еді. Себебі, сол кездегі шыққан кітаптарда да, түсірілген киноларда да орыстан басқа ұлттардың өкілдері екінші қатардан ғана көрінетін. Орта Азия халықта-рының өкілдері бейнелене қалса, олар орыс тілін шала-шарпы ғана білетін, ұдайы күлкі мен мазасқа ұшырып жүретін кейіпкерлер деңгейінде ұшырасатын. Осы жағдайлар әрбір қазақ баласының ар-намысына тиіп, ашу-ыза шарасынан асып төгілетін деңгейге жетіп еді.

Сол 16-шы желтоқсан күні кешкілік жігіттер вахтаға жиналып, «бұл қалай бол-ды, енді не істесек екен?» деп ақылдасып отырғанымызда жатақханаға бейтаныс үш жігіт кіріп келді. Біреуі басына бөрік киген, мұртты, ренді, сұңғақ бойлы, театр актеріне ұқсайтын жігіт екен. Өздерін консервато-рияның және ҚазМУ-дың жоғары курс сту-денттеріміз деп таныстырды. Жөн сұрасқан-нан кейін төтесінен «бүгінгі жағдайдан хабардарсындар ма, не ойларың бар?» деген сауал тастады ортаға. Азын-аулақ кеңесіп, ертең таңертең сағат 8.00-де Орталық алаңға жиналамыз деп уағдаластық.

Жалындап тұрған жиырма жастағы 50-60 жігіт 17-ші желтоқсан күні сағат сегіз болмастан алаңға жетіп келдік. Жатақха-намыз алаңға алыс емес. Бізді көрген ми-лиция сержанттарынан құралған патрулі жанымызға келіп: «Не істеп жүріңдер таң атпай? Бұл жерде тұруға болмайды, кетіндер!» деді. Көп кешікпей жанымызға милиция офицерлері келіп, талаптары-мызды тыңдап тұрған еді, жанымызға бір қара «Волга» тоқтап, ішінен генерал түсіп, бізге қарай беттеді. Балалықтың әсері де болар және қазақтан шыққан генералды тірдей алғаш рет көргендіктен бе, оған ішіміздегі барлық ойымызды ақтарыла айтып бердік. Ол кісі әелік қамқорлық танытқаны ма, әлде жүйені өзгерту мүм-кін еместігіне шынайы сенімді ма, әйтеуір бізге «Қайтындар. Бекер оқудан шығып қаласындар. Санкциясыз митинг өткізген үшін қылмыстық жауапкершілік бар» де-ген сөзін қайталаумен болды. Біз онсыз да қайда бара жатқанымызды, әрекетіміз үшін бізді не күтіп тұрғанын білгенбіз. Себебі, ата-бабаларымыз көрген қуғын-сүргіннің зардабы санамызға сіңіп қалған. Бір реттік акциямен кеңес өкіметі құламайтыны анық және КСРО-ны құлатып тастайық деген мақсатымыз да болған жақ.

Алаңға жиналған жастардың қарасы аз боп көрінгендіктен, спортта «бәсекелес, бақталас» ауыл шаруашылық институты-ның балаларын көре алмағандықтан біздің топ алдымен ауыл шаруашылығы, одан кейін педагогикалық институттардың сту-денттерін қосып алмақ болып, солардың жатақханаларына қарай беттедік. Оларды қатарымызға қосып, қайтадан алаңға кел-ді. Әрі қарай оқиға тура деректі фильмде-гідей өрбіді.

Ерекше есте қалған дүние: жанымы-зда сол кезде елуді еңсерген, Қазақстан-ның Халық қаһарманы, қазақстандық және

бұрынғы кеңес театр, кино және опера режиссері, қоғам қайраткері Әзірбайжан Мәдиұлы Мәмбетов болды. Ол кісі билік-тің ұйымдастыратын арандатушылығына берілмеуге шақырып, акцияны бейбіт шеру ретінде өткізіп, талаптарымызды өркеніет-ті түрде жеткізуіміз керек екендігін айту-мен болды. Алайда, мемлекеттік машина мен бейбіт шерушілердің мүмкіндігі бірдей болуы мүмкін емес қой.

«Жаным – арымның садағасы» деген тұжырымды әр қазақ бойына сіңіріп өскен ғой. Біздің курстың студенттері алаңда бір топ болып жүрдік. Зоология факультетінің 2-ші курс студенттерін жеке-жеке атау ар-тық емес. Солардың ішінде нық тірестіріп бірге жүрген достарым: Алмас Кенжебе-ков, Ергалы Битембаев, Нәсерғали Сейіл-ханов сияқты жігіттердің табандылығын ерекше атап өтер едім. Бір-бірімізді тү-гендеп, әскерден қорғап, көз алдымызда ұстап әкетпек болған жастарды күшпен күтқарып, тартып алып отырдық. Кез кел-ген күш кереғар күшті туғызады. Биліктің күштік құрылымдары бізді аямады, біз де оларға аяушылық жасамадық. Сол сәттер еске түскенде әлі де жүрек сыздайды, дене мұздайды.

Текетірес аяқталып, ақыры жатақха-наларымызға тарастық. Ерекше есте қалған жағдай: көңілде сол баяғы құлдық психо-логияны өзінің бойынан сығып шығара алмай жүрген, отарлықтың уы генетика-лық үрейге ауысқан қазақтардың мінез-дері мені таңғалдырған жоқ. Жастарға «ат қойып, айдар тағып» оларды бұзақылар, ішкіш, нашакорлар деген біздің ұлтымыз-дың бетке ұстарлары империядан кешірім сұрағандай болып, баспаға қолдарын қой-ып, үндеу жариялап жатты. Сол уақытта тергеу жұмыстары да жүргізіле бастады. Қолдан жасаған дәлелдер, фотомонтаж, сол сияқты басқа да әдістер қолданылды. Осындай жаланың құрбаны болып курстас досымыз Жәлел Әуезов бес жылға бас бо-стандығынан айырылып, мерзімінің жартысынан көбін өтеп, одан кейін ақталып шықты. Қаншама өрімдей жастың тағдыры талқандалды. Студент жастардың өздері ғана емес, ата-аналары мен ағайын-туы-стары да ұшырады. Көпшілігіміздің аман қалғанымыз сол кездегі институт ректоры Қалдыбек Сәбденұлының пәрмені және сол кісінің абырой-беделі деп білеміз.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан
Қарқаралы ауданы

Бұқар жырау ауданы
Сурет автордан

• БЕЗБЕН

Сын мен сенім


1991 жыл – Тәуелсіздік. Қарағанды да өзге өңірлер секілді бұл күнді ескі жүйенің соңғы нүктесі, жана кезеңнің жана парағы ретінде қабылдады деп нық айта аламыз осы күні. Әлбетте, әуелде абдырап қалған кенді өлкені де келешегіне күмәнмен қарамады деу жалған болар. Жалпақ жұрт «Қайтпек керек?» деген сауалға жауап іздеп, сансырағаны да ақиқат. Өйткені, ол уақытта мемлекет деген ұғым – жалақы, жоспар, өндіріспен тығыз байланыста еді. Шахталар бұрынғыдай гүрілдеп тұрмады, зауыттардың да әдеттегі дауысы бәсеңдеді. Сенім күңгірт тарта бастағаны анық сезілді. Сондықтан да, Тәуелсіздік жауапкершілікті күшейтті. Кеншілер мекені де мұны түйсінді. Кеше ғана бір орталықтан басқарылып үйренген экономика бір сәтте дербес әрекет етуге мәжбүр болды. Бұл төзімдінің төзімдісіне арналған сынақ еді.

Салтанат І.ИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды – көмірге қарап күн көрген өңір еді ол кезеңде. Сол себепті, көмір тоқтаса, өмір де тоқтайтындай көрінетін. Экономиканың бар салмағы бір бағытқа

түскен кезде, таңдау да, балама да болмасы хақ. Сондықтан, экономиканың құлдырауы КССР-дің мемлекеттік жоспарына байлаулы болған индустриалды Қарағандыға да оңай соққы болған жоқ. Себебі, кооперациялық тізбек кілт үзіліп, шахта мен зауыттар нарығын жоғалтып, тарс жабылды. Өнеркәсіптік әлеуетіне қарамастан Қарағанды елдегі ең мәселелі аймақтың бірі болғанын біреу білсе, біреу білмес. Облыс бюджеті қаржылық құжаттан гөрі күнкөріс күнделігіне айналып шыға келді. 1991 жылғы облыс бюджеті рубльмен өлшенгендіктен ол туралы бүгінде нақты дерек табылмады. Тек, ұлттық валюта теңге қабылданған 1993 жылдан кейін ғана теңгемен шаққандағы аймақ бюджеті шамамен 0,2 млрд еңге көлемінде болса керек. Бұл – 2 млрд теңге көлеміндегі қаржы. Одан кейінгі деректер Қарағанды облысының 2000 жылдарға қарай еңсе тіктеп, жылдық бюджеті 14 млрд.теңгеге жуықтағанын айтады. Қазіргі таңда 600 млрд теңгеден асып, оның 60 пайызы – әлеуметтік салаға бағытталып отыр. Бұл – тәуелсіздіктің табысы.

Ал, бүгінгі Қарағанды өзгеше. Жабылған пехтардың орнында қайта ашылған өндірістердің, тәуекелге барған кәсіпкерлердің жаңа технологияны менгерген кәсіпорындары бой көтерді. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, бұл күні Қарағанды облысында шағын және орта кәсіпкерлер саны 110 мыңнан асып жығылады.



Сурет: shankz

Әрине, балапан басына, тұрымтай тұсына келген сәт, сонау 1991 жылы «кәсіп ашу» деген сөз ақылға сыйымсыз көрінетін. Бірақ,

нарыққа жылдам бейімделген біздің қоғам шағын және орта бизнесті өңір экономикасының тірегіне айналдырды. Бұл – тәуелсіздік үй-

реткен ең маңызды сабақтың бірі.

Толқымалы токсаныншы жылдардың жылымығында күйзелісті басынан оңбай өткерген – ауыл

еді. Қала қаңырап жатқанда ауыл, тіпті, тығырыққа тірелгендей еді. Түлігін жарата алмай, жанталас тірлікке көшкен ауылдың келешегі де күдік ұялатып, үдере көшу сол кезде белең алған. Ал, қазір ауылдың ажары кіре бастады. Арада отыз жылдан астам уақыт өткенде түтіні түзу ұша бастады. Су тартылды, жол салынды, мектептер мен медицина пункттері жаңарды. Әрине, бұл – мемлекеттің міндеті. Өйткенмен, 1991 жылмен салыстырғанда бұл – үлкен өзгеріс екенін мойындау шарт.

Осы жылдары білім жүйесі адамды таңдау жасауға емес, берілген жолмен жүруге үйретті. Ақпараттық технология, цифрландыру, жасанды интеллект деген ұғымдар ол кезде қиял ғана еді. Осы күні Қарағандыда киберкауіпсіздік зертханалары ашылып, инженерлік бағыттар жаңарып, жастарға әлемдік деңгейдегі білімге жол нұсқауда. Бұл – тәуелсіздік жеңісі.

Тәуелсіздік Қарағандыға дайын байлық келген жоқ, ол өңірге айна ұсынды. Сол айнадан біз әлсіз тұстарымызды да, мүмкіндігімізді де көрдік. Бір салалы экономикаға тәуелді болудың қауіпті екенін, ауылды ұмытудың салдары ауыр болатынын, білімсіз болашақ болмайтынын түсіндік.

1991 жыл – бастау болды. Бүгін – нәтиже бар. Бірақ, бұл соңғы меже емес. Қарағанды әлі де өзгеру үстінде. Бұл күн өткен жолға қарап, бүгінгі күйді таразылау үшін керек.

Сынақ. Сарап. Серпіліс

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы кезеңде білім беру, денсаулық сақтау және шағын және орта бизнес саласындағы реформалар күшейіп, экономикалық белсенділіктегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі ЖІӨ-де 40%-ға жетті.

Дағдарыс пен күтпеген сынақтар өрбіген 2014-2020 жылдар отандық экономиканың төзімділігін айқындаған кезең болды. Атаулы кезең елдің бір ғана қорға арқа сүйеудің жеткіліксіз екенін терең түсінген, жана бағыттарға ұмтылған дәуір ретінде тарихқа енді.

Диверсификация дәуірі аяқталғанымен, оның сабақтары мен серпіні алдағы онжылдықтағы даму бағытын айқындап отыр. Жаңғырған инфрақұрылым, цифрландырылған қызметтер, бәсекеге қабілетті кәсіпкерлік бәрі де болашақтағы тұрақты өсімнің тірегіне айналды. Қазақстан қиындықтарды еңсеру арқылы мықты бола түсетінін дәлелдеді. Ендігі міндет – басталған реформалардың инерциясын жоғалтпай, жаңа экономикалық модельді толыққанды іске асыру.

Қазіргі заман келбеті: 2020-2025

Биылда республика экономикасы жаһан бедеріндегі сын-қатерлерге қарамастан, өз серпінін жоғалтпай, тұрақтылық танытып келеді. 2020 жылы 171 млрд долларды құраған ішкі жалпы өнім төрт жылдың ішінде 288 млрд долларға жетіп, өсімнің жаңа белесіне көтерілді. Ал, алдағы жылы көшелі көрсеткіш 300 млрд долларлық межеден асуы күтіледі. Экономикалық өрлеудің қарқыны да айтарлықтай. Былтырғы өсім 4-5 пайыз деңгейінде бағаланса, биыл бұл көрсеткіш 4,5-6 пайыз аралығында

болмақ. Халықаралық ұйымдар да көңіл көншітерілік болжам жасап отыр. Халықаралық валюта қоры өсімді 6 пайыздан жоғары деп болжаған. Ал, Азия даму банкі шамамен 4,9 пайыздық межені көрсетуде. Мұндай динамиканың негізгі қозғаушы күші кен орындарын кеңейту жобасының аясында мұнай өндірудің артуы, экспорт көлемінің ұлғаюы және мемлекет ұсынған фискалдық ынталандыру шаралары.

Тұжырсаяқ, тәуелсіздіктің үш онжылдығы ішінде Қазақстан экономикасы айтарлықтай серпіп алды. Жан басына шаққандағы ІЖӨ 8,9 есеге өсіп, еліміз Орталық Азиядағы жетекші экономикалық орталыққа айналды. Алдағы даму енді экономиканы әртараптандыру қарқынына, адами капиталға салынатын инвестицияға және әлемдік сын-қатерлерге бейімделу қабілетіне тығыз байланысты болмақ. Бүгінде еліміз тұрақты даму жолынан таймай, табысы жоғары орта деңгейлі мемлекет мәртебесін бекемдей түсуде.

Өркенді өңір

Әлбетте, қазыналы Қарағанды отанымыздың қақ ортасында орналасқан, талай жылдар бойы елдің «өнеркәсіп жүрегі» аталып келген қасиетті аймақ. Тәуелсіздік таңы атқаннан бері өңір талай бұралаң жолдан өтті: өтпелі кезеңнің ауыр күйзелісінен бастап, тұрақты өсім мен жаңа экономикалық тынысқа ұласқан жаңғыруға дейін. Сол бір күрделі де құбылмалы жылдар ішінде облыстың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімі алты есеге артты. Аймақ өзіне тән тау-кен және қайта өңдеу салаларындағы көшбасшылығын берік сақтап қала білді. Сонымен бірге, соңғы онжылдықтарда ауыл шаруашылығы да жана серпіп алып, қызмет көрсету саласы заманауи талаптарға бейімделе түсті.

Орталық Қазақстандағы сол уақыттан бері шағын және орта бизнес бұрын-соңды болмаған қарқынмен өрлеп, бүгінде 50 есеге ұлғайды. Экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 36,5 пайызын, яғни, 236 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отырған бұл сектор өңірдің жана тынысына айналды. 2000 жылдардың басында әлемдік нарықтағы мұнай мен металл бағасының көтерілуі, сондай-ақ, мемлекеттің индустрияландыру бағдарламалары Қарағанды облысының экономикасына тың серпіп берді. Қазақстан экономикасы жылына 8-10 пайыз көлемінде өсіп отырған шахта өңірдің қосқан үлесі айрықша сезілді. Ауыл шаруашылығы да еңсесін қайта тіктеді: 2012 жылға қарай өндіріс көлемі 15 есеге артты, жалпы өнім құны 120 млрд теңгеге жетті. Өңірге бағытталған инвестициялар көбейді. Әсіресе, кен өндіру мен өңдеу саласына құйылған қаржы жаңа кәсіпорындардың ашылуына және өндірістік қуаттың кенөніне жол ашты.

Биылдың өзінде өңірде жалпы құны 320,2 млрд теңгені құрайтын 55 ауқымды инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл – Қарағанды облысының жаңа экономикалық белеске қадам басқанын айғақтайтын көрсеткіш. Келер жылға жоспар да айқын: экономиканы 6,5 пайызға өсіру көзделген. Оның негізгі локомтиві – өнеркәсіп (өсім 6,9%), ал ауыл шаруашылығының өсімі 3 пайыз деңгейінде болжануда. Тәуелсіздік жылдары ішінде Қарағанды облысы өзінің тарихи өндірістік әлеуетін сақтап қана қойған жоқ, сонымен бірге, инновациялар мен серпінді жобалардың қуатты орталығына айналды. Өңірдің дамуы бүкіл Қазақстан экономикасының өркендеуіне дем беріп, елдің жана индустриялық бейнесін қалыптастыруға елеулі үлес қосып келеді.

• ОЙТОЛҒАМ

Айналайын Азаттық!

1986. Бір. Тоғыз. Сегіз. Алты. Осы төрттаған сан айшылықты жақында-та, қайшылықты өрістетте түсетін сиқырлы код тәрзіді. Көкжиек шеңберін үзе жаздаған бейне дауыл жаңғырығындай. Бұл желтоқсан еді...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жас қазақтың жүрегі бодандыққа қарама-қарсы өртек қалыпта үн қатқан қасиетті ай. Намыс пен дауыстан жаратылған көбе бұзған шақ. Қайтпас қайсарлықтың жыры. Бәрі есте. Қыруар құрбандық. Үзілмеген үргедек те үлбір үміт. Азаттықтың алтын бастауы. Көмейге көмескіленбес «Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы» деген Мұхтар Шахановтың кастерлі өлең жолы әлі кетпеледі. Қанды орағы мен балалық нышанды кеңес империализміне илікпеген қарсы атой салған қаракөз студент жастардың жұмыр жердің өзін тітіреткен дабылы еді.

Қайрат, Сәбира, Ербол, Ләзаттың жарқын елесін кім ұмыта алар екен?! Ұмытпайды. Ұлықтайды. Әредік тосын ойға шомамыз.

«...Іә, мен сіздерден еш жасырмаймын, мен 18 желтоқсан 1986 жылы алаңға бардым, көпшілікпен бірге. ...Алаңда қазақтың уыздай жас қыздарын ұрып-соғып, өлтіріп жатыр дегенді елден естіген соң, өз басым қолымды жайып, «құл болмасан, бұл бол» деп отыруға еркектік ар-намысым еш жетпеді. Ер қатарында ер қара боп, саны бар, сапасы жоқ боп, ербендеп жүрген намыссыз еркек мен емеспін, құдайға шүкіршілік, менің де көркейген кеудемде нағыз ерге лайық намыс баршылық».

Көшпелі халықтардың әліге дейінгі айта жүретін ескі бір тәмсілі бар: «Ұлт жүрегінде өшпеген бір ұшқын болса, оны мың жылдық мұз да баса сөндіре алмайды» деген.

Сексенінші жылдардың бас шені. Берік – қыр баласы. Естияр шағы-тын. Оның атасы – тоқсанға таяған Қадыр ақсақал күнде құптан уағында тысқа шығып зеңгірге төнетін. Берік те ілесті. Өрнені сөз ететін.

– Ата, «Тәуелсіздік» деген не? – деп сұрады ол бір күні.

Қадыр ұзақ үнсіз қалды. Көз алдына талай жылғы кірпіяз күндері кезіне оралды. Қызыл империя. Студент кезінде ана тілінде сөйлеуге «қорыққан» кездері. Тұтас ұлттың құмыққан үні «аға» халыққа жұтылып бара жатқан күйі... Бірақ, ол осы естеліктердің ешқайсын айтпады. Оның орнына сұқ саусағын аспан тұсқа көтеріп темірқазықты көрсетті.

– Тәуелсіздік, Берікжан, – деді жай ғана, – мына темірқазық жұлдыздай. Көзге ту алыстан кішкене көрінеді. Есеге та өте барады. Тіліміздегі тілектей, тініміздегі жүректей болған Тәуелсіздік! Азат күннің арқауындағы абадан ел етегін жапты, есін жиды. Тәуелсіздік қатпар-қатпар көрі тарихтан алған жалғыз тәбәрігіміз. Алауы мұзға жанған зайырлы елдің жалауы жығылмайды!

Қапелімде Берік үндемеген. Бірақ, содан бастап ол әредік аспанға телміріп, атасының жұлдызын табар еді. Жылдар өтті. Тәуелсіздік таңы атқан. Екі мың-

ның бастауы. Берік есейіп қалаға оқуға кетті. Шет елде білім алды. Қиындықтар да болған жоқ емес. Тілге қатысты, бөгде мәдениетке қатысты, жалғыздыққа қатысты... Кейде шаршап-шалдығатын.

Онтайлы онжылдықтан соң бабалар зиратына зиярат етуге келген Берік туған ауылына ат басын тіреген. Отбасымен. Үлкен үй сол қалпы. Атасы Қадыр ғана жоқ. Шаңыраққа ата дәстүрімен кенже інісі Самат еге болып қалған. Төрте Қадырдың тірі кезінде ұстаған таяғы мен бас киімі ғана ілулі.

Берік бәз баяғысынша құптан уақытында тысқа шығып зеңгірге көз қадатан. Темірқазық мызғымалпы. Күні кешегідей. Ал, жұлдыздың сәулесі Беріктің жанарынан ыршып түскен бір тамшы кермек жасқа шағылысқандай. Мұңнан емес, риясыз ризашылықтан. «Атам... Мен енді түйсіндім, – деді ол сыбырлай. – Тәуелсіздік – мемлекеттің дербестігі ғана емес-ау. Ақиқатында адам жүрегінің өз жолын өзі таңдауға берген уақыты. Өз даусынды жоғалтпау, өз жолынды тәрк тастап кетпеу, өзін болудан қорықтау. «Шырағың сөнбесін», «Өз отынды өшірме» деп Тахауи Ахтанов пен Оралхан Бөкейдің кітаптарының атауын қайталай бере үйге еніп кетті.

Берекеге беркіндік. Көсетеміз көгерді. Айналайын, Еркіндік Тастап кетпе ер елді.

Аза бойым азап-құт Жүрегімнен жас акты. Айналайын, Азаттық! Тастап кетпе қазақты. Арманымды асқар қып, Бірлігіміз жарасты. Айналайын, бостандық, Тастап кетпе Алашты! – деп толғана-мыз біз!

Ойлана қалғанымызда қамырық сезімдеріміз уақыт төренің шаңына ілесе алмағандай болады. Әсілі, уақыт шіркін де сол желтоқсанның ізін өшіре алмайды. Тағдырдың табындай. Пәк қарға тамшылаған боздақтар қанындай. Қаһарман жанындай. Арыстан жүрек аруларымыздың арындай. Сол бір қасіретті де қасиетті алаңдағы адуынды ақ шағыл боран да басылған. Желтоқсан жыры ерлік пен елдікке көпір жалғады. Осы бір жанымыздың түпкірінде аңдамай аттамас табалдырыққа тәу етіп біздер де өтіп барамыз. Ұрпақ та өте барады. Тіліміздегі тілектей, тініміздегі жүректей болған Тәуелсіздік! Азат күннің арқауындағы абадан ел етегін жапты, есін жиды. Тәуелсіздік қатпар-қатпар көрі тарихтан алған жалғыз тәбәрігіміз. Алауы мұзға жанған зайырлы елдің жалауы жығылмайды!

Тәуелсіздік күні құтты болсын, қазақ елі!



Сурет: ЖИ

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ

Еркін ой – ардың өлшемі

Ғалым, ақын, кәсіпкер. Үшеуі де – Тәуелсіздіктің құрдастары. Олар әнді радиодан емес, құлаққап арқылы тыңдайды, сия сауытты пайдаланбай, заманауи қаламсаппен ойларын қағазға түсіреді, тіпті, компьютердің пернетақтасынан әлеммен байланыс орнатады. Сөйлесу пунктінде кезек күтпейді – қалаған уақытта, қалаған жерде ұялы телефон арқылы сөйлеседі.

Бірақ, олардың құндылықтары мүлдем өзгерген. Білімге, кәсіпке, шығармашылыққа бейімделген жаңа заман жастары. Тәуелсіздік оларға еркіндік берді, таңдау мүмкіндігін сыйлады, өмірге деген жаңа көзқарас қалыптастырды. Осы үш түрлі сала өкілінің тәуелсіздікке, өз дәуірінің құндылықтары жөніндегі көзқарасын назарларыңызға ұсынамыз. Мархабат!

Баянды ету – міндет

Өзім егемен елде туғандықтан Тәуелсіздік – мен үшін тарихи ұғымнан гөрі өмірлік бағдар, кәсіби жауапкершілік. Ел азаттығы ата-бабамыздың күресімен келген болса, оны баянды ету – ортақ міндет. Ал, ол, ең алдымен, ғылым арқылы жүзеге асады деп есептеймін.

Қазақстанның қазіргі келбеті – ғасырлар бойы қалыптасқан рухани, мәдени және ғылыми мұраның жалғасы. Бұл жолда Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сынды ұлы ғалымдардың еңбегі айрықша. Қазақ ғылымының өндіріс пен ел дамуына тікелей қызмет етуі тиіс екенін дәлелдеген сол тұлғалардың жолы мені де ғылымға жетеледі.

Мен өз кәсіби таңдауымды металлургия саласымен байланыстырдым. Себебі, металлургия – мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігі мен технологиялық қауіпсіздігінің негізі. Еліміз минералды ресурстарға бай. Бірақ, сол байлықты игеру, өңдеу, тиімді пайдалану ғылымсыз мүмкін емес. Сондықтан, менің ғылыми ізденістерім феррокорытпалар алу, тотықсыздандыру үдерістері, энергияны үнемдейтін және өндірістік қалдықтарды қайта өңдеуге бағытталған технологиялармен тығыз байланысты.

Тәуелсіздік маған ғылымды саналы түрде таңдауға мүмкіндік берді. Бүгінде жас ғалым ретінде еліміздің нақты өндірістік мәселелерін шешуге бағытталған ғылыми жобаларға жетек-



шілік етіп келемін. Қазіргі ұрпақтың артықшылығы – еркін ойлау мен инновацияға ашықтық. Ал, ғылымның басты миссиясы – ұлттық мүддеге қызмет ету.

Мен Тәуелсіздіктің құрдасы ретінде елдің болашағы тек ғылыммен, біліммен және үздіксіз ізденіспен ғана баянды болатынына сенемін!

Ерболат МАХАМБЕТОВ,
Ж.Әбішев атындағы ХМИ
феррокорытпалар және
тотықсыздандыру үрдістері
зертханасының меңгерушісі,
металлургия бағытында РНД
докторы,
қауымдастырылған профессор

Асқар рухтың
салтанат құруы

Мен – қалам иесімін. Кеңес дәуірінде елдің санасына: «Сендерді үкімет асырайды. Жұмыс істесең болды. Барлық халық бірдей болуы керек. Байлар қажет емес» деген ғана ұранды сіңірді. Сол жалпыхалықтық идеология елді дағдарысқа жетеледі. Соңы кедейлік, жетіспеушілік, қорқыныш пен сенімсіздікке ұласты. Ал, тәуелсіз Қазақстанның келбеті мүлдем басқа. Құндылықтар жаңа дәуірге, жаңа ойға қарай өзгерді.

Қазақ сөзі – әуелден азат деген мағына береді. Еліміз бір кездері тағдыр талқысына түссе де, күресін тоқтатқан емес, бүтешектеп күн кешкен жоқ. Айта-рын ашып айтты, қажет болса, өлімге де

тік қарады. «Бүгінгі қазақ технократ ұлтқа айналуы тиіс» деген пікірді қос қолымды көтеріп қолдаймын. Бұл – уақыт талабы. Псевдонатриотизмнен арылып, нақтылыққа үйір болған жөн. Өз ісінің маманы бол, бала-шағаңды дұрыс тәрбиеле. Өзіңе және айналаңа пайдалы іспен айналыс. Жалаң ұраннан қаш. Бітті...

Мен өмірлік таңдауымды жазумен, қаламмен байланыстырып, Тәуелсіздіктің құрдасы ретінде дәуір тынысын шығармаларым арқылы жеткізуге тырысамын. Өмірден ерте өткен талантты ақын Әмірхан Балқыбек айтқандай, Шыңғыс хан бабамыз жарты әлемді қылышпен жауласа, мен – қаламмен, оймен, сөзбен жаулауға бел будым. Қалам – менің қаруым, рухымның айнасы, еркін ойдың көрінісі. Сол арқылы мен өз дәуірімнің куәсі болып, өмірдің мәнін жазудан тапқан бақытқа кенелемін.

Шығармашылық – қатып қалған қағиданы бұзып-жару, ағысқа қарсы жүзу деген сөз. Сондықтан, еркін елдің қаламгері қайсар, саналы, бай-қуатты болуы тиіс. Ол табыс тауып, өз өмірін тәуелсіз жүргізіп, ой-өрісін кеңейте алуы қажет. Сонда шығармашылық нағыз еркіндікке, шабытка, әсерге айналады.

Мен үшін Тәуелсіздік – ой мен рухтың, білім мен шығармашылықтың ең биік шыңы. Сол шыңға жету – әр қаламгердің парызы!

Ерболат ҚҰАТБЕК,
ақын



ткені, адам өзіне жұмыс істегенде ғана тәуелсіз болады. Қалаған жеріне барады, саяхаттайды, өзін дамытады. Шектеу, шекара дегенді білмейді. Сүйікті ісімен айналысады.

Тәуелсіздік менің санамды да өзгертті. Еңбектің қадірін ұқтырды, өз ісіме сенуді үйретті.

Рамазан САРЛЫБАЕВ,
«Желдібай» шаруа
қожалығының иесі

• СЫРТ КӨЗ – СЫНШЫ

Әлемге ашылған аудитория

Білім мен ғылым – кез келген мемлекеттің даму көрсеткіші. Тәуелсіз ел атанған күннен бастап, Қазақстан білім-ғылымымен әлемдік сахнада өз орнын айқындап келеді. Бүгінде Орталық Азия ғана емес, Еуразия құрлығының түпкір-түпкірінен Қазақстанды таңдап келетін шетелдік студенттер қарасы көп. Мәселен, тек былтырдың өзінде елімізге 31,5 мың шетелдік студент келіп, тәуелсіз ел тарихында болмаған рекордтық көрсеткішке қол жетті. Тіпті, олар экономикаға 30 миллиард теңгеден астам табыс әкелген. Ал, биыл 88 мемлекеттен 35 мыңнан аса студент келіп, Қазақстан университеттерінен білім алуда. Осыншама шетелдік жастың ел оқу орындарын таңдауының сыры неде?

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлемдік аренадағы
ел имиджі

Қазақстанды Еуразияның білім және ғылым орталығына айналдыруға бағытталған ауқымды жұмыс жүзеге асуда. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Нью-Йоркте өткен БҰҰ-ның Ассамблеясында Қазақстанға Үндістан, Қытай, Пәкістан мемлекеттерінен ең көп студент келетінін айтты.

– 2024 жылы Қазақстанда 31,5 мың шетелдік студент оқыды. Бұл тарихымыздағы рекордтық көрсеткіш экономикаға 30 миллиард теңгеден астам табыс әкелді. Шамамен 40 мың жұмыс орнын құруға ықпал етті. Алғаш рет Азия елдерінен келген студенттер ТМД елдерінен келген студенттер санынан асып кетті. Ең көбі – Үндістан, Қытай және Пәкістаннан, – деді Саясат Нұрбек.

Министрдің айтуынша, 2029 жылға қарай Қазақстан шетелдік студенттердің санын 100 мыңға дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Осылайша білім беру қызметінің экспорты 400 млрд теңгеге дейін ұлғаймақ. Шетелдік университеттердің елімізде белсенді ашылып жатқан филиалдары – Қазақстанды Еуразиядағы білім берудің хабына айналдыруды көздейді әрі әлемдік аренадағы имиджін нығайтуға оң әсер етеді. Білім саласының сарапшылары осындай ойды қуаттайды.

Елімізде Ұлыбритания, Италия, Оңтүстік Корея және Ресей университеттерінің филиалдары ашылуда. Нәтижесінде қазақстандық жастар шетелге бармай-ақ сапалы білім алу мүмкіндігіне ие. Шетелдік филиалдардың 85% – ұлттық экономика басымдықтарына сәйкес техникалық және IT саласына бағдарланған.

Шетелдік талапкерлердің ел университеттерін таңдауының сыры – басқа мемлекеттермен салыстырғанда оқу акысының қолжетімділігі. Одан бөлек, қазақстандық жоғары оқу орындары дипломдарының танымал болуы және халықаралық серіктестіктер, инфрақұрылымның жақсаруы және прак-



тикалық дайындыққа басымдық берілуі есебінен де шетелдік жастар елімізді таңдауға лайықты деп таниды. Әсіресе, бұл техникалық, медициналық және IT салаларына жаһандық сұраныстың артуын, сондай-ақ, Қазақстанның Оңтүстік және Орталық Азия нарығы үшін кадрлар даярлаудағы рөлін айқын көрсетеді. Жалпы алғанда, Қазақстан – білім беру қызметтерін экспорттау бойынша өңірлік көшбасшы ретіндегі орнын нығайтып келеді.

Өңір университеттерінің
әлеуеті

Қарағанды университеттерін таңдап келетін шетелдік студенттер көп. Мұны қала ішінде түрі бөлек, нәсілі басқа жандардың көптігінен байқайсыз. Мәселен, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетіне былтыр 114 шетелдік студент келсе, биыл олардың саны 122-ге артқан. Басым көпшілігі ТМД елдерінен, Азия және Еуропадан келіпті. Оқу орнының ректоры Нұрлан Дулатбековтің айтуынша, бұл – университеттің халықаралық деңгейде тартымдылығының артқандығы.

Ал, өңірдегі халықаралық деңгейде медицина мамандарын даярлайтын бірден-бір оқу орны – Қарағанды медицина университетінің Халықаралық медицина факультетінде 10 елден келген 1276 шетелдік студент білім алуда.

Саналы түрде Қазақстанда білім алуды таңдаған шетелдік азаматтар медицина университетінің сапалы білім беру жүйесіне тәнті. Сондықтан да, олар жыл сайын ағылады.

Мәселен, Қарағанды медицина университетінде «Жалпы медицина» мамандығында оқып жатқан үндістандық Саньям Сингх есімді студент елімізде оқу акысы қолжетімді екенін, оқу орнының сапалы білім беретінін алға тартты.

– Университеттегі білім беру жүйесі мықты клиникалық дайындықпен, жүй-

елі оқу бағдарламасымен ерекшеленеді. Жергілікті науқастармен, дәрігерлермен тығыз байланыста болып, тәжірибе мен теорияны ұштастырып, ағылшын тілінде білім алудамыз. Міне, қазақстандық университеттер осындай мүмкіндік береді, – деді Саньям Сингх.

Сонымен қоса, ол Қазақстандағы тұрақтылық пен бейбітшілік шетелден келген студенттер үшін жайлылық сыйлайтынын жасырмады.

– Бізді тұрғындардың сыйластыққа құрылған ашық-жарқын қарым-қатынасы тәнті етеді. Шетелдік студенттер үшін мұнда жайлы өмір сүруге, оқуға мүмкіндік бар. Мен көпмәдениетті ортаны, қаладағы қауіпсіздікті және жергілікті халықтың қонақжайлылығын жоғары бағалаймын. Өзім білім алып жатқан Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде одан әрі нығайып, көркейгенін, өз азаматтары үшін де, әрі мен сияқты шетелдік студенттер үшін де қонақжай мекен боп қала беруіне тілектеспін, – дейді шетелдік студент.

Үндістанның Джайпур қаласынан келіп, Қарағанды медицина университетінде оқып жатқан шетелдік студент Сайни Деванг медициналық білім беретін университеттердің әлеуетіне, білім беру жүйесіне дән риза. Ол бейбіт аспан астында өмір сүріп жатқанын, заманауи инфрақұрылымы қолайлы Қарағанды қаласында оқып жатқанын мақтан тұтады.

Шетелдік студенттер халықаралық деңгейде мойындалған қазақстандық оқу дипломдарына ие болып, еліне оралып, қызмет етуді көздейді.

Әрине, мұның бәрі әлемдік аренада тәуелсіз мемлекеттің білім мен ғылым саласындағы орныққан орнын айқындайды. Қазақстанның тұрақтылығы мен бейбітшілігі талай шетелдікті қол бұлғап, шақырып тұрғандай.

Сурет университеттің баспасөз қызметінен

Ғылым мен өндіріс
түйіскен хакатон

«Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында аймақта өндіріс пен білімді, ғылым мен тәжірибені тоғыстырған маңызды жоба жүзеге асты. QaTech өңірлік инновациялық-индустриялық хабы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетімен бірлесіп, екі күндік технологиялық хакатон өткізді. Хакатонға студенттер, магистранттар мен докторанттардан құралған 10 команда қатысты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»


Хакатонның негізгі мақсаты – «МАКЕР» құю-машина жасау зауытының өндірістік үдерісінде кездесетін нақты мәселелерге тиімді әрі іске асатын шешімдер ұсыну. Қатысушылардың алдына бірнеше маңызды міндеттер және аддитивті технологияларды қолдана отырып, пресс-формаларды дайындаудың балама тәсілдерін әзірлеу, USB тасымалдағыштарын пайдаланбай, сандық бағдарламамен басқарылатын станоктарға басқару бағдарламаларын қашықтан беру жүйесін құру және оны жедел түзету, сондай-ақ, газдандырылатын модельдерді құю технологиясындағы жаңа балқыту пешіне көшу кезінде қалыптау үдерісін жылдам салқындату технологияларын жетілдіру.

– Бұл хакатон арқылы біз өндірістің нақты мәселелерімізді студенттердің көзқарасымен қарап, тың шешімдерге қол жеткіздік. Ал, жастар үшін шынайы өндірістік ортада өз білімін сынап көруге үлкен мүмкіндік алаңы болғаны анық.

Ұсынылған жобалардың бірқатары өндірістік үдерістерді оңтайландыруға, уақыт пен шығынды қысқартуға нақты негіз бола алады. Кей шешімдер жақын уақытта кәсіпорын алаңында тәжірибе жүзінде сынақтан өткізілмек. Мұндай форматтың болашағы зор, – делі «МАКЕР» ЖШС бас технологтың орынбасары Шералы Кезеңбаев.

Хакатон екі бекзеттен тұрды. Бірінші күні қатысушылар өндірістік тапсырмалармен танысып, техникалық кіріспелерді талдап, кейстерді таңдады. Екінші күні инженерлік, технологиялық және ұйымдастырушылық шешімдер әзірленіп, эксперттік жобалар қазылар алқасының назарына ұсынылды.

– Мұндай долларда ең бастысы, теорияны нақты өмірде кездесетін өндірістік міндеттерді шешу арқылы ұштастырдық. Өз тәжірибемді қолданып, жаңа дағдылар алғым келді. Бізге дайын формула берілмейді, оны өзіміз құрастырып, командалар өзара талқыға салдық. Осындай жобалар арқылы болашақта зауытта, цехта қандай жауапкершілік күтіп тұрғанын анық көре аламыз. Ең бастысы, бәрі адал өтті, әркім өз



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

білімі мен университеттен алған тәжірибесіне сүйенді, – дейді қатысушы, техникалық университеттің машина жасау факультетінің IV курс студенті Марк Ющенко.

Қазылар алқасы жобаларды технологиялық тиімділігі, инновациялық деңгейі және өндіріске енгізуге дайындық дәрежесі бойынша бағалады. Нәтижесінде үш жоба үздік деп танылды.

I орын «Машина құрастырушылар» командасына бұйырды. Команда станоктарға арналған басқару бағдарламаларын қашықтан беру және жедел түзету жүйесін әзірлеп, жоғары баға алды. Жобаның авторы – Марк Ющенко. Екінші орынды «Сникерс» командасы иеленді. Бұл жобада да станоктарына арналған қашықтан басқару жүйесі ұсынылды. Ал, III орын «Передовая инженерия» командасына берілді. Олар жаңа балқыту пешіне көшу кезінде қалыптау құмын жедел салқындатуға арналған тиімді инженерлік шешім ұсынды. Жоба авторы – Василий Юрченко.

Әрбір жеңімпаз командаға 700 мың теңге көлемінде қаржы табысталды. Айта кету керек, QaTech – Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының қолдауымен құрылған, еліміздегі тұңғыш өңірлік инновациялық-индустриялық хаб. Ол ғылымды, бизнесті, мемлекеттік құрылымдар мен қоғамды бір арнаға тоғыстырып, озық технологияларды өндіріске жедел енгізуге бағытталған.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУҒЫ

Инвестиция – игілікті іс

Бұқар жырау ауданының әкімдігінде құрылған инвестициялық штабтың кезекті отырысы өтіп, онда бірнеше инвестициялық жоба қаралды. Инвестициялық штаб мәжілісін Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын жүргізіп, оған штаб мүшелері – аудандық әкімдіктің тиісті бөлім басшылары мен аудандық прокуратураның өкілі қатысты.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Бұқар жырау ауданы – Қарағанды облысының ең іргелі, тарихи, ең дамыған аудандарының бірі. Тоғыз жолдың торабына орналасқан ауданымыз арқылы республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль мен теміржолдары өтеді. Біздің өңірде «Сарыарқа» халықаралық әуежайы да орын тепкен. Сондай-ақ, арнайы экономикалық аймақ та біздің Бұқар жырау ауданының аумағында орналасқан. Біздің ауданның тағы бір ерекшелігі – облыс орталығын айнала қоныстанған ауылдарымыздың көптігі. Сондықтан, бізде инвестиция салуға қажетті инфрақұрылым қолжетімді жерде деп айтуға болады.

Оның үстіне қазірде 52250 халық тұратын ауданның жалпы жер көлемі 1439320 гектарды құраса, мұндағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 889234 гектар да, жайылымдық алқаптар 874735 гектар көрінеді. Содан аудандығы 29 ауылдық және кенттік округтердің елдімекендеріне 372234 мың ауыл шаруашылығы мақсатындағы және 321697 жайылымдық жерлер бекітіліп берілген. Ал, қосымша жер қоры 128063 гектар болса, жайылымы 126469 гектарға тең екен.

Міне, осыншалықты әлеуеті мен мүмкіндігі бар ауылдарымыз елге, жерге жаны ашитын өз инвесторларын күтуде. Әлбетте, олар да өз ақша, қаражатын негізгі капиталға табыс табамын деп салады ғой. Бұл тұрғыда, Ерлан Құсайынның айтуынша, биылғы 10 айдың ішінде Бұқар жырау ауданына 55 миллиард теңге жеке инвестициялар тартылыпты. Мұнда бұл жұмыстар толас таппай, әлі де жалғасуда. Соның бір дәлелі – аудандық әкімдікте құрылған жоғарыдағы инвестициялық штаб.

Шүкір, Бұқар жырау ауданында осының бәрі де бар. Бизнес-тен тапқан табысын туған жерін гүлдентіп, көркейтуге жұмсауға



құлшыныс білдірген кәсіпкерлер де табылып жатыр. Біз қатысқан инвестштабтың отырысында қаралған 6 инвестициялық жобаны ұсынушылар да сырттан келген емес, жергілікті азаматтар болып шықты. Сол жобалардың бесеуі Үштөбе, ал, біреуі Жаңаөзен ауылдарында өз кәсіптерін дамытып, өркендетуді көздейді. Бұл екі ауылдың облыс орталығына таяу жатқанын елдің бәрі білуі тиіс. Яғни, оларда бизнес жүргізуге қажетті инфрақұрылым – сумен және электрмен жабдықтау дайын. Бірақ, әлі де шешімін таппаған мәселелері онлайн байланыс барысында белгілі болды. Мәселен, «Айбар» ЖК басшысы Арыстан Құсайынов Үштөбе ауылында Денешынықтыру-сауықтыру кешені құрылысын өз қаражатымен салуды алдағы 2026 жылдың көктемінде бастап, 10 адамды тұрақты жұмыспен қамтымақ ойда. Сол үшін ол осы ауылдан 0,25 гектар жер алып, құны 110 миллион теңгенің жобалық-сметалық құжаттамасын жасатып, әзір қылған. Енді оның сұрайтыны – тағы 10 сотық жер телімі мен кешенге келетін жолдың 500 метрін асфальттау.

Келесі қаралған инвестициялық жоба да осы Арыстан Құсайыновқа тиесілі. Бұл жоба бойынша ол өз қаражаты мен «Даму» қорынан алған қарыз ақшасы, барлығы 200 миллион теңгеге 700 шаршы метр орында 100 балалық жекеменшік балабақша ашып, 9 адамға тұрақты жұмыс ұсынбақты ниет етіпті. Қазірдің өзінде СЭС-тен 100 баланы қа-

былдауға рұқсат алып, соның 70-ін қабылдап та қойыпты. Алайда, штаб мәжілісіне қатысып отырған Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары Серік Әміралин ауыл шаруашылығы жер телімінің мақсатты пайдаланбағандығы үшін айыппұл салынып, оны төлеген соң ғана оның мақсаты өзгертілетінін, оның мәселе шешілетінін ескертті.

Ендігі жылқы етінен жартылай фабрикалар мен консервілер шығару жөніндегі жеке кәсіпкер Ағылбаеваның тәуелігіне 500 килограмм осындай өнім шығаратын цехы да Үштөбеде ашылып, 5 адаммен жұмысын бастап кеткен. Оның инвестициялық жобасына 50 миллион теңге қаражатын цех қожайыны өз қалтасынан салыпты.

Үштөбедегі тағы бір инвестициялық жоба товарлы бетон заводын салуды ұсынған – «Bilol Beton» ЖШС. Аталған серіктестік сағатына 90 текше метр товарлы бетонды өздері жұмысқа қабылдайтын 30 адамның күшімен атқаруға бекініп, өткен қараша айында оның алғашқы кезегі іске қосылған. Енді оның екінші кезегін іске қосу үшін резервтік 150 киловатт электр энергиясын алу үшін «Қарағанды жарық» ЖШС рұқсаты керектігі қатты сезіледі. Олар әзірге ауызша рұқсат бергенімен, жазбаша рұқсат алуға инвестштаб араласпайынша болмайтын түрі бар. Сондықтан штабтың осы мәселемен шұғылданыуына тура келеді.

Үштөбедегі соңғы инвестициялық жобаны ұсынушы жеке

кәсіпкер Нұрлан Сәденов болса, ол күніне 5 мың дана кірпіш пен 7 шаршы метр қырланған кеспе тастар құйып, шығармақшы. Өз қаражаты мен қарызға алған ақшасын қоса алғанда, құны 60 миллион теңгелік инвестициялық жобасын жұмысқа қабылдайтын 25 адамның күшімен тындыруды ойлайды. Сол мақсатта 0,36 гектар жер телімін алып, 100 киловатт электр энергиясын қосуға «Қарағандыжарық» ЖШС рұқсатына қол жеткізіп, жер телімін тегістепті. Енді оған қерегі – тағы да 50 миллион теңге жеңілдікті несиеге не болу. Ерлан Бейсембайұлы оған бұл мәселеде көмек-қолдау көрсететіндерін мәлім етті.

Ең ақырғы 300 миллион теңгенің инвестициялық жобасы бойынша «Айна» ЖШС басшысы Раушан Мусина Жаңаөзен ауылында 100 орындық жекеменшік балабақша ғимаратын салып, 10 адамды жұмыспен қамтуды көздейді.

Инвестштабтың отырысын қорытындылаған Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын осы жекелеген азаматтардың негізгі капиталға салуға бағытталған инвестициялық жобалар мен идеялары жүзеге асып жатса, ауданда қаншама жаңа жұмыс орындары ашылып, бюджетке түсетін салық түсімдері де көбейіп, ауылдарымыз бұрынғыдан ажарлана түсетініне нық сенімін білдірді.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген Жәнгелді ӘБДІҒАЛЫМ

Дауренбек Мажитұлы МАЖИТОВ

Қаржы саласының және жоғары білімнің көрнекті өкілі өмірден өтті

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ұжымы қаржы саласының білікті маманы, экономика ғылымдарының кандидаты Дауренбек Мажитұлы Мажитовтің дүниеден өтуіне байланысты терең қайғы білдіреді. Бұл ауыр жоғалту университет қауымдастығы үшін ғана емес, еліміздің қаржы және білім салалары үшін де үлкен қайғы. Ұжым марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, әріптестері мен шәкірттеріне көңіл айтады.

Марқұм Қарағанды мемлекеттік университетінің түлегі болып, еңбек жолын осы оқу орнында бастап, оқытушылық қызметтен кафедра меңгерушісіне дейінгі лауазымдарды абыроймен атқарды. Оның кәсібилігі, еңбекқорлығы және студенттерге деген шынайы қамқорлығы әрдайым есте қалды.

Ұзақ жылдар Қазақстан Республикасының Ұлттық банк жүйесінде еңбек еткен Дауренбек Мажитұлы жоғары кәсіби біліктілігімен ерекшеленді. Департамент басшылығы қызметтерінде ол қаржы саласының дамуына елеулі үлес қосты, ірі жобаларды жүзеге асыруда белсенді болды, әріптестері мен қызметкерлері арасында сенім мен сый-құрметке ие болды.

Соңғы жылдары марқұм жоғары білім беру саласында профессорлық ғылыми-педагогикалық және ағартушылық қызмет атқарып, мол тәжірибесін жас мамандарға үйретті. Оның жетекшілігімен көптеген білікті шәкірттер тәрбиеленіп, кәсіби дамуына жаңа биіктеріне көтерілді. Дауренбек Мажитұлының студенттерге деген жылы сөздері, сабырлылығы мен шынайы мейірімі әрдайым есте қалды.

Университет түлегі ретінде Дауренбек Мажитұлы байланысын ешқашан үзген емес, үнемі Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университетінің түрлі ғылыми, білім беру және мәдени іс-шараларына қатысып, әрдайым қолдаушылығын білдіріп жүрді. Ағымдағы жылдың 27 қыркүйегінде Академик Евней Арыстанұлы Бөкетовтің 100 жылдығына арналған «Е.А. Бөкетовтің ғылыми көкжиектері» атты халықаралық ғылыми конференцияда арнайы шақыртылған қоңақ ретінде қатысуы оның университетке деген шынайы сүйіспеншілігінің тағы бір айқын дәлелі болды.

Өз саласының білікті маманы ғана емес, ақжарқын бейнесімен, жаны жайсаң қасиеттерімен ерекше есте қалған Дауренбек Мажитұлының жылы жүзін, мейірімділігін және кәсіби шеберлігін әріптестері мен шәкірттері мәңгі есте сақтайды.

Марқұмның жарқын бейнесі, кәсіби еңбегі мен адами қасиеттері әріптестері мен шәкірттерінің жүрегінде мәңгі сақталады. Ол тек білікті маман ғана емес, сонымен бірге адал дос, қамқор ұстаз және үлгілі азамат болды.

Марқұмның жаны жәннатта болсын, иманы саламат болғай!

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ ұжымы

д

Дауренбек Мажитұлы МАЖИТОВ

Ақтоғай ауданының тумасы, ауданның Құрметті азаматы, туған өлкесінің мақтанышы, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Қаржы» кафедрасының доценті, Қазақстан Республикасының қаржы-банк жүйесі мен жоғары білім беру саласының дамуына зор үлес қосқан Дауренбек Мажитұлы Мажитовтің дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, әріптестері мен шәкірттеріне, Ақтоғай ауданының әкімдігі және аудан жұртшылығы атынан қайғыра көңіл айтамыз.

Дауренбек Мажитұлы – саналы ғұмырын білім мен ғылымға арнаған, ел экономикасының дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым, білікті ұстаз, парасатты тұлға болды. Ұстаздық жолында мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, олардың кәсіби қалыптасуына, елге адал қызмет етуіне бағыт-бағдар берді. Ғылыми-педагогикалық қызметі арқылы отандық қаржы саласының дамуына елеулі еңбек сіңірді.

Оның жарқын бейнесі, адамгершілік болмысы, өнегелі өмір жолы ел жадында мәңгі сақталады.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Иманы саламат, жаны жәннатта болғай.

Көңіл айтушылар: А.АМАНЖОЛОВ, Р.ӘБЕУОВ, А.КАПАШЕВ, А.ҚУАНЫШБАЕВ, А.ДАРДАКОВ, Б.ӘМІРҒАСЫМ, С.ОШАКБАЕВ, П.ТЕМІРБЕК, С.СЫЗДЫКОВ, Қ.АБДРАХМАНОВА, Ж.ШАРБЕКОВ, Д.ҚАУРА, Д.ЖАҚЫПБЕК.

№506

• КЕШ

Мейіріммен үндесіп...

«Персона» фитнес-клубы Тәуелсіздік күніне арнап есептік концертін өткізді. Балалар шығармашылығы мен спортты ұштастырған шарада 7 жасстан бастап, әртүрлі жас санатындағы балалар өнер көрсетті. Көрермен назарына спорттық билер – хип-хоп, брейк-данс, сондай-ақ, дзюдо мен каратэ бағыттары бойынша дайындалған нөмірлер ұсынылды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде мемлекет тарапынан балалар мен жастарға арналған тегін спорттық секциялар мен үйірмелерге кең мүмкіндік беріліп отыр.

– Біздің мақсатымыз – жеткіншектерді спортқа баулып, жетістігін жетілдіре түсу. Жыл сайын атқарылған іс-шараларды халыққа көрсетіп, насихаттау үшін бір рет осындай қорытынды концерт ұйымдастыруды дәстүрге айналдырып, Спортпен шұғылданып, саламатты өмір салтын дәріптеуге барша қоғам болып жұмылсақ, келешек ұрпақтарымыздың да дені сау болып қалыптасары сөзсіз, – деді фитнес-клубтың директоры Жібек Камалиқызы.

Концерттің мән-мазмұнын одан әрі тереңдеткен тұсы – қайырымдылық іс-шарасы. Сол арқылы Ярослав Цой есімді баланың еміне қолдау көрсетілді. Қазіргі таңда ол Новосибирск қаласында оңалту курсынан өтіп жатыр. Концерт аясында 200 мың теңгеге жуық қаражат жиналып, ем-домына бағытталды. Қайырымдылық бастамаға «Республика» партиясының Қарағанды облыстық филиалының кәсіпкерлері атсалысты. Бұл – балаға үшінші рет көрсетіліп отырған көмек. Сонымен қатар, мерекелік іс-шара аясында мектеп оқушылары өнер көрсетіп, концерттің көркін қыздырды.

• ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

Білім орталығы ашылды

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Балқаш қаласында Қосымша білім беру инновациялық орталығының салтанатты ашылуы өтті. Ашылу рәсіміне Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев қатысып, мұндай инновациялық орталықтың шағын қала үшін маңыздылығына ерекше тоқталды. Қала басшысы өз сөзінде балалардың заманауи білім мен технологияларды меңгеруі – өмірдің болашағына салынған инвестиция екенін атап өтіп, қосымша білім беру ұйымдарының жастардың әлеуетін ашудағы рөлін жоғары бағалады.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мамандардың мәлімдеуінше, бүгінде Балқаш қаласында қосымша білім беретін екі ұйым жұмыс істейді. Барлығы 3629 оқушыны қамтиды. Бұл мектеп оқушыларының жалпы санының 33 пайызын ғана құрайды екен. Осыған байланысты, балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру мақсатында жаңа инновациялық орталықты ашу қажеттілігі туындаған көрінеді.

– Инновациялық орталықтың негізгі мақсаты – техникалық ма-



мандықтарды насихаттау, оқушыларды IT-технологиялармен кеңінен қамту және ерте кәсіби бағдар беру. Күрделі жөндеуден өткен ғимаратта балаларға ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар саласында заманауи әрі сұранысқа ие білім мен дағдыларды меңгеруге барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, орталықта оқушылардың қабілеттерін анықтау, қолдау және дамыту, математикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыру жолға қой-

ылған. Оқу кабинеттері заманауи құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Бұл оқыту үдерісінде дәстүрлі әдістерді жоғары технологиялармен ұштастыруға мүмкіндік береді, – деді Балқаш қалалық білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Дүбірбекова.

Нысанды аралаған қонақтар Hi-tech цехта оқушылардың станоктарда жұмыс істеуін, дәнекерлеу және күйдіру жұмыстарын таныпаланды. Сондай-ақ, буфетте Балқаш технология және

сервис колледжімен жасалған ынтымақтастық меморандумы аясында оқушылардың қатысуымен тәтті тағамдар дайындау бойынша шеберлік сабағы өтті. Екінші қабаттағы «Лаунж-зонада» «Стоп-кадр» балалар телестудиясының жаңалықтар түсірілімі, буккроссинг аймағы көрсетілді.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• БОКС

Сегіз жыл күткен алтын

Сегіз жыл күткен алтын ақыры жерлесімізге бұйырды. Бұған дейін әлем чемпионатының үш мәрте қола жүлдегері атанған ұлттық құраманың мүшесі Абылайхан Жүсіпов төртінші әлем чемпионатында топ жарды. Ақтық сында асығы алшысынан түсті. Қанша жыл төккен тер өтелді, еңбек ақталды. Бокс сүйер қауым да чемпионның қуанышына ортақта-сып, оған лайықты құрмет көрсетіп жатыр.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, өзіндік стилімен көзге түскен тағы бір жерлесіміз Сабыржан Аққалықов та финалға дейін сүрінбей жетті. Бірақ, ақтық сында қарсыласынан айласын асыра алмай, күміс алды. Осылайша, қос боксшымыз да ел қоржынына үлкен олжа салып, ел мерейін асқақтатты. Әлем чемпионатының ақтық сынына ұлттық құраманың төрт боксшысы шықты. Қазақстан қоржынына үш алтын және бір күміс медаль түсті. Атап айтсақ, 54 келі салмақта – Сәкен Бибосынов, 57 келіде – Оразбек Асылқұлов, 71 келіде –

Абылайхан Жүсіпов алтыннан алқа тақса, 75 келі салмақтағы Сабыржан Аққалықов күміс медальін иеленді. Сонымен қатар, 48 келі салмақтағы Теміртас Жүсіпов пен 63,5 келідегі Ертуған Зайнуллинов чемпи-онаттың қола жүлдесін еншіледі.

Абылайхан – өз салмағының сардары. Талай жекпе-жекте кіл мықтының бетін қайтарып, шеберлігін дәлелдеп келеді. Жерлесіміз ақтық сында Ресей боксшысы Сергей Колденковпен қолғап түйістірген. Төрешілердің шешімімен жеңіске жетті.

– Көк Туды Токиодағы Олимпиада ойындары аяқталған соң өзіммен бірге алып кетіп едім. Сол кезде «Келесі әлем чемпионаты мен Олимпиада финалына

шыққанда байрақты нығыма жамыла-мын» деп өзіме уәде бергенмін. Араға қаншама жыл салып, әлем чемпионаты-ның финалына шықтым. Арманым орын-далды. Осы ерекше сәтте сол Туды көкке көтеріп шықтым. Маған осы әлем чемпи-онатына сенім артып, тағы бір мүмкіндік берген бапкерлеріме шынайы алғысымды білдіремін, – деді Абылайхан Жүсіпов.

Ерекше стилімен көзге түсіп, бокс мамандарының назарын өзіне аударып жүрген Сабыржан Аққалықовтың өнері бір төбе. Бұл спортшыда «Тисін, тимесін» деп қолды сермей беру деген әдет жоқ. Көптеген боксшылар шешуші раундта дәл осы тактиканы қолданып жатады. Бірақ, Сабыржанда ол жоқ. Ал, оның дәл соққы-лары, соққылардан жалтаруы және аяқпен жұмыс істеуі көрерменнің назарын өзіне бірден аударып алады.

Сабыржан ақтық кезенте дейін тама-ша өнер көрсетті. Тіпті, бір жекпе-жегін мерзімінен бұрын аяқтап та үлгерген. Өкінішке орай, финалда Ресей боксшысы Исмаил Мутсолговқа есе жіберіп, жеңіліп қалды. Десе де, оның өнері көптің есінде қалды. Алдағы уақытта бұл спортшымыз да осы биікті бағындыратынына кәміл сенімдіміз.

Қазақстан боксшылары әлем чемпи-онатының жалпыкомандалық есебінде ІІ орынға тұрақтады. Көшті Ресей боксшы-лары бастады. Олардың қоржынында 7 алтын, 5 күміс және 1 қола медаль бар. Үздік үштікке 2 алтын, 4 күміс және 3 қола жүлдемен Өзбекстан құрамасы енді.

Сурет ҚБФ

• БӘРЕКЕЛДІ!

Аида үздік атанды

Елордада Қазақстан бокс федерациясы кубогының финалдық кезені өтті. Күзден бері созылған тартысты бәсекеде Қарағанды облысының бокс құрама-сы ақтық кезеңге жолдама алып, ІІІ орын еншіледі. Дәл осы бәсекеде феде-рация жыл үздіктерін анықтап, арнайы марапаттады. Солардың қатарында жерлесіміз Аида Әбікеева «Әйелдер арасында 2025 жылдың үздік боксшысы» атағын жеңіп алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, Аида Әбікеева биыл Ха-лықаралық бокс қауымдастығы (ІВА) өт-кізген әлем чемпионатында топ жарған еді. Көп ұзамай Англияда өткен World Boxing біріншілігінде де алтыннан алқа тағып, екі дүркін әлем чемпионы атанды. Әрі кейінгі чемпионатында 65 келі салмақ дәрежесінде

ширек финалда Токио-2020 Олимпиадасы-ның чемпионы, үш дүркін әлем чемпионы түркиялық Бусеназ Сүрменеліні жеңіп, сен-сация жасаған болатын. Осындай жарқын жеңісінен кейін жерлесіміз үздік деп та-нылған.

Ал, жүлде қоры 150 000 АҚШ долларын

құрайтын бокс федерациясы кубогы – өңір-лердегі боксты дамытуға бағытталған маңы-зды жобалардың бірі. Топтық кезең қоры-тындылары бойынша шешуші сыңға Астана, Шымкент қаласы мен Қарағанды, Маңғы-стау облысының командасы жолдама алған. Айта кетейік, бұл турнирдің басты ерекшелі-гі – командалық сайыста. Яғни, әр командада ерлер мен әйелдер құрамы жасакталып, 15 салмақ дәрежесі бойынша сыңға түсті.

Жерлестер ақтық кезеңде ІІІ орын үшін Маңғыстау облысының командасымен та-ласқан еді. Қарағандылық боксшылар 8:7 есебімен жеңіске жетті. Ал, ақтық кезеңде шымкенттік боксшылар елордалықтарды 9:6 есебімен жеңіп, федерация кубогының ие-герлері атанды.

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

Шығыс жекпе-жегінің шеберлеріне құрмет

Аймақта шығыс жекпе-жегінің спорт түрлерімен шұғылданатын жастар-дың қатары жыл санап артып келеді. Биыл өңір спортшылары түрлі деңгей-дегі жарыстарда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп, ел мерейін үстем етті.

Осыған орай, жыл қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен спорт-шылар мен олардың бапкерлерін марапаттау мақсатында Қарағандыда салта-натты жиын өтті. Онда өңір спортының дамуына сүбелі үлес қосқан жандарға құрмет көрсетілді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шығыс жекпе-жегінің өңірдегі жеті түрлі спорт федерациясынан «Үздік спорт-шы», «Үздік жаттықтырушы» және «Үздік төреші» аталымы бойынша үздіктер анықталды. Салтанатты жиынға облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Дәурен Есімха-нов қатысып, жылы лебізін білдірді. Со-нымен қатар, іс-шараға белгіленген құрметті қонақтар қатарында облыстық «Respublica» партиясының жетекшісі Нұрлан Әубәкіров, ҚР Сот әкімшілігі департаментінің Қараған-ды облысы бойынша департамент басшы-сы, генерал-майор Мейірлан Қызылов та мерекелік жиыннан табылды. Одан бөлек, «Қарағанды су» ЖШС директоры, Қа-рағанды қалалық мәслихат депутаты Ербол Төлеуов, «Bolashaq» академиясының ректо-

ры, Қарағанды қалалық мәслихат депутаты Қуаныш Аданов, «Saryarqa Aqparat» ЖШС директоры Қайрат Әбілда, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономика университетінің дене шынықтыру және спортты басқару кафедрасының менгерушісі Ләйла Сырымбетова да қатысып, үздіктерді марапаттады.

– Биыл спортшыларымыздың жеткен жетістігі орасан. Бұл қатарда жастар ғана емес, ел қоржынына жүлде салған ардагер-леріміз де бар. Келер жылы бұдан да жоғары нәтиже көрсетеді деген ойдамын. Спортшы-ларымызды қолдап, құрмет көрсету қажет, – деді Дәурен Жағыпарұлы.

Сонымен қатар, Шығыс жекпе-жек Ар-дагерлер одағының мүшесі Рүстем Оқашев аталған іс-шараның маңыздылығына тоқтал-ды.

– Іс-шараны жастардың Шығыс жекпе-же-гіне қызығушылығын арттыру мақсатында



ұйымдастырып отырмыз. 1990 жылдармен салыстырсақ, ел бойынша шығыс жекпе-жек спорт түрлерімен айналысатын жастардың қат-

• ПРЕМЬЕРА

Дәстүр һәм эксперимент

Қарағандыда тәуелсіз «Дат» театры күні кеше көрерменге премьерасын ұсынды. Тәуелсіз театр Әлімбек Оразбековтің «Бір түп алма ағаш» драма-сын сахналады. Режиссері – театрдың басшысы, талантты актер Дунай Еспаев. Бұл премьераның ерекшелігі – сахнаға бұрын-соңды рөл сомда-маған, тәжірибесіз дебютант актерлер шықты.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басты кейіпкерлердің бірі Әлия-ның образын Кеншілер мәдениет са-райының мәдени ұйымдастырушы Ботагөз Мұғиын сомдады. Мақсаттың рөліндегі Аңсаған Сәдуақас – ІІ-сынып оқушысы, Ләйланың образын сомдаған Ханзада Саттар – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу универси-тетінің ІІ курс студенті, Заркымбекті сомдаған Әділет Совет – Қ.Аманжол-ов атындағы дәстүрлі ән сыныбының ұстазы, Дәметкеннің рөліндегі Баян Мамитова – қосымша білім беру пе-дагогы, Ергалидің рөліндегі Айдос Сұңқар – №1 балалар өнер мектебі те-атр бөлімінің педагогы, Тұрсынның рөліндегі Төлеген Қозы – әуесқой ак-тер. Тұтас қойылымды әуенмен әрлеп отырған дыбыс режиссері Тоқтар Кәрі-байдың өзі – мектеп оқушысы. Деген-мен, бұл қойылымды тамашалап оты-рып, нақты кімнің бас кейіпкер екенін дәл басып айта алмайсыз. Оқшаулауға да келмейді. Өйткені, әрқайсысының айтары бар.

Әлия – драмадағы шиеленісті арт-тыратын күрделі образ. Өзінің күйеуі Мақсаттың ер мінезін, шынайы бол-мысын жанышқан, ақшақұмар, долы мінездің иесі. Өз басының қамын ғана ойлаған эгоист образ. Ботагөз Мұғиын «бұл кейіпкердің табиғаты өзіне мүлде жат болса да, бел будым» дейді.

– Әлияның табиғаты маған мүлде қарама-қайшы. Кейіпкерім өмірде ар-

ман-мақсаттарына жетпеген соры қалың келіншек. Сол үшін айналасындағылар-ды кінәлайды. Дегенмен, ол өзінің отба-сын жақсы көреді. Тек, өзінің махабба-тын ашы тілімен, жағымсыз мінезімен жеткізеді. Жалпы, Әлия арқылы отбасы ішіндегі қиындықтар көрініс табады, – деді Ботагөз Мұғиын.

«Баяғыда бір түп алма ағашы болып-ты. Ол әбден жемістері көбейіп, үлкен болып өскен тұста: «Енді қожайыныма бұдан да көп алма берсем» деп арман-даған екен. Бірақ бұтақтары...» деп басталады драма. Драма әкелерінен ерте айырылған, есейген соң арман қуып қалаға кеткен жалғыз ұлдың, тұрмысқа шығып кеткен қыздардың және ауылда биіктен құлап мүгедек болып қалған кен-же ұлымен қалған жалғыз шешенің тағ-дырын баяндайды. Әр кейіпкердің өзін-дік трагедиясы бар. Жалғыз шешенің туған күніне жиналған балалары мере-келік дастарханда шарапқа масайған сайын ішпегі шер-шөмендерін ақтара-ды. Оқиға желісі дамыған сайын кейіп-керлердің шынайы бет-бейнесі ашыла-ды. Соңында ауызбірлік пен бір-біріне деген махаббаттан ада болған ағасы мен әпкелеріне, жезделеріне, көкірегі қарс айрылған анасына күйініп, үйдің кен-жесі өзіне қол жұмсайды. Арын, ұятын кірлетіп алған ересектердің кикілжіңі үйдің кенжесін жұттып жібереді.

Сурет театрдың баспасөз қызметінен

Қазіргі жастар кино актерлеріне қатты еліктей-ді. Ал, екінші жағынан әр бала өзін қорғағысы келеді. Осы мақсатта спортқа келіп жатқандар-дың қарасы қалың. Сонымен қатар, Ардагерлер одағы да жастардың спортқа қызығушылығын арттыру мақсатында үлкен үлес қосып ке-леді. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы да осы саланың дамуына үлкен қолдау көрсетуде, – деді ол.

Жалпы, турнир қорытындысы бойын-ша екі спортшыға «2025 жылғы облыстың жекпе-жек өнерінің үздік спортшысы» ата-лымы табысталды. Одан бөлек, жыл спорт-шыларына «Bolashaq» академиясын мен Қазтұтынуодағы университеті базасында «Спорттық менеджмент» мини-мамандан-дыру бойынша оқу гранты табысталды. Сол үздіктердің бірі – Никита Тарнакин. Жас спортшы қарателен халықаралық дәрежелігі спорт шебері. Талай турнирлерде бак сынап, олжасыз оралмаған. Биыл еңбегі ақталып, қат-тарластарының алды болды.

– Бұндай марапатты бірінші мәрте алуым. Осыдан бес жыл бұрын қаратәге келгенмін. Әрине, спорт болған соң жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Бірақ, жіберген қателіктерімді келесі турнирде қайталамауға тырысамын, – деді спортшы.

Сурет облыстық қаратә федерациясынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 ● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сыйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй. Электрондық пошта: ortaltyk.kz@gmail.com; ortaltyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortaltyk.reklama@mail.ru QR-код Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 526 №139 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерханат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ	
---	--